Казахстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
«Кәсіпқор «Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**НУРЖАНОВА А.А., МАТЫМБАЕВА А.Ж.,
НИЯРОВА К.С.,СЕЛЬТЕЕВА А.Б.**

СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІНІҢ МИКРОБИОЛОГИЯСЫ

1224000 – «Сүт өнімдерінің өндірісі» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне арналған өзектендірілген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша оқу құралы ретінде әзірленді

Астана, 2018 ж.

ӘОЖ 637.1/.3 (075)
КБЖ 36.95 я73
С 90

Сүт және сүт өнімдерінің микробиологиясы : Оқу құралы / А. А Нуржанова., А. Ж. Матымбаева, К. С. Ниярова, А. Б. Сельтеева — Астана: «Кәсіпқор «Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018.

ISBN 978-601-333-501-8

Оқу құралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне арналған өзектендірілген үлгілік оқу жоспары мен бағдарламасы 1224000 – «Сүт өнімдерінің өндірісі» мамандығының, КМ 05 «Сүт және қышқыл сүт өнімдерінің микробиологиялық зерттеулері» модулі негізінде құрастырылған. Оқу құралын құрастыруда КМ 05 модулін қалыптастырушы бағдарлама зерделенді және сарапталды.

Оқу құралында қарастырылған сұрақтар қазіргі таңдағы сүт және сүт өнімдерінің микробиологиясының дамуы туралы түсінік, микроағзалардың жіктелуі мен олардың қасиеттері, олардың сүт өнімдері өндірісінде қолданылуы, сонымен қатар бұзылуы мен алиментарлық аурулары қамтылды. Сүт өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасына бақылау жүргізуде, микроағзалардың индикаторлық топтарына сипаттама берілген. Микробиологиялық процесстердің ерекшеліктері және өндірістегі бақылаудың шикі сүт және ішуге арналған сүт, қышқыл сүт өнімдері, ірімшік, май,ірімшік алу, қайта өңделген сүт шикізаттары, сүт консервілері және балмұздақтардың қолданыстағы шектік құжаттарына сәйкестігі берілген.

Оқу құралы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған.

ӘОЖ 637.1/.3 (075)
КБЖ 36.95 я73

Рецензенттер:

Туганова Б. С. – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, «Биотехнология» кафедрасының ассосациялық профессоры, техника ғылымдарының кандидаты;

Мельникова Г. А. – «Сут» АҚ директорының м.а.;

Байтлесова Д. Т. – «Павлодар технологиялық колледжінің» әдіскері.

«Кәсіпқор» Холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен мақұлданған 26.09.2018 ж. № 2 хаттама

© «Холдинг «Кәсіпқор» КЕАҚ, 2018 ж.

«Delta Consulting Group» ЖШС аударған

Мазмұны

КІРІСПЕ……... 5
I БӨЛІМ. ЖАЛПЫ МИКРОБИОЛОГИЯ…… 6
1Тарау. Микроағзалардың морфологиясы және жіктелуі……... 6
Тақырып 1.1 Бактериялар…… 6
Тақырып 1.2 Актиномицеттер…….... 6
Тақырып 1.3 Саңырауқұлақтар……... 7
Тақырып 1.4 Ашытқылар……. 8
Тақырып 1.5 Риккетсиялар…….. 10
Тақырып 1.6 Ультрамикробтар……... 10
2 Тарау. Микроағзалар физиологиясы…….. 11
Тақырып 2.1 Микроағзалардың химиялық құрамы …… 11
Тақырып 2.2 Қоректендіру түрлері……. 17
Тақырып 2.3 Микроағзалардың тыныс алуы …… 17
Тақырып 2.4 Микроағзалардың өсуі мен көбейуі……. 18
3Тарау. Микроағзалардың дамуына қоршаған ортаның әсері…….... 19
Тақырып 3.1 Физикалық жәйттердің әсері.....…… 20
4 Тарау. Тағамдық инфекциялар және тағамдық уланулар……. 22
Тақырып 4.1 Тағамдық инфекциялар …… 22
Тақырып 4.2 Тағамдық уланулар ……... 25
Тақырып 4.3 Дезинфекция, дезинсекция, дератизация…… 28
II БӨЛІМ. АРНАЙЫ МИКРОБИОЛОГИЯ…….. 31
5 Тарау. Микроағзалардың негізгі топтарының сипаттамасы, сүт және сүт өнімдерінің сапасына тигізетін әсері…...…….. 31
Тақырып 5.1 Сүт микрофлорасының басты түрлері және оларда жүретін үрдістер..... 31
Тақырып 5.2 Техникалық пайдалы микрофлоралардың түрлері және оларда жүретін үрдістер...……... 32
Тақырып 5.3 Техникалық зиянды микрофлоралардың түрлері және оларда жүретін үрдістер...…….….. 38
6 Тарау. Ферма шаруашылығында сауылған, сүттің микробиологиясы.... 42
Тақырып 6.1 Шикі және пастерленген сүт микробиологиясы.…… 42
Тақырып 6.2 Патогенді, шартты-патогенді, санитарлық-көрсеткішті микроағзалар……..... 46
7 Тарау. Закваскалар…...……..…… 54
Тақырып 7.1 Закваскалар микробиологиясы.…… 54
8 Тарау. Қышқыл сүт өнімдерінің микробиологиясы……...…… 60
Тақырып 8.1 Қышқыл сүт өнімдері, олардың микрофлоралар құрамына сәйкес закваскалары.....…… 60
№1 Зертханалық жұмыс
Микробиологиялық зертханадағы жұмыс тәртібі мен құрылғылар. Микроскоп құрылысымен танысу.....…… 64

№ 2 Зертханалық жұмыс
Тірі микроағзалардан (бактериялар, көгерулер, саңырауқұлақтар, актиномицеттер) препараттар дайындау.
Бактериялар қозғалысын зерттеу.....……... 70
№3 Зертханалық жұмыс
Микроағзаларды бояудың тәсілдері. Бактериялардың негізгі түрін зерттеу...……..... 75
№4 Зертханалық жұмыс
Қоректендіру ортасын дайындау….……..…… 78
№ 5 Зертханалық жұмыс
Ыдыстар мен аспаптарды стерилизациялау.....…...…… 81
№ 6 Зертханалық жұмыс
Сүттегі жалпы микроағзалардың санын анықтау……..... 83
№ 7 Зертханалық жұмыс
Ұйытқылар сапасына микробиологиялық бақылау жүргізу ..…… 87
№8 Зертханалық жұмыс
Қышқыл сүт өнімдері сапасына микробиологиялық бақылау жүргізу.... 89
№ 9 Зертханалық жұмыс
Стафилококктар және маститтік стрептококктар, антибиотиктердің болуына зерттеу жүргізу.....……..... 93
№ 10 Зертханалық жұмыс
Мембраналық фильтрациялау тәсілі.....…….. 95
№11 Зертханалық жұмыс
Ауыз су, ауа, қолдың жуылуына және аспаптарға санитариялық-гигиеналық бақылау жүргізу..... 98
Қорытынды……. 102
Пайдаланған әдебиеттер тізімі……..……. 103

КІРІСПЕ

Заманауи сүт өндірушінің түпкі мақсаты – өнімді тұтынушыға дейін мейілінше өзгеріссіз, салыстырмалы түрде шикі сүттен алынғандай күйде жеткізу болып табылады. Алайда шикі сүт тез бұзылатын тағам, сондықтан ол міндетті түрде алдын ала термиялық өңдеуден өткізілуі тиіс. Бұл өңдеуде сапрофитті микроағзалармен бірге бір мезгілде, болжамды сүтте кездесетін, патогенді микроағзаларда жойылады.

Микробиология микроағзалардың құрылысы мен түрін (морфологиясын), олардың пайда болуы мен тіршілік құру жағдайлары (физиологиясы), табиғаттағы және адамның өміріндегі рөлі, сонымен қатар микробтардың физиологиялық қасиеттерін адам өмірінің әр түрлі қызметінде қолданудың мүмкіндіктері, шығындары мен тәсілдерін зерттейді. Микроағзалар әлемі ауқымды және саналуан. Микробтарға бірклеткалы бактериялар және соларға жақын микроағзалар - актиномицеттер, ашытқылар және зең саңырауқұлақтар, рикетсилер және ультрамикроскопиялық жандылар – вирустар жатады.

Оқу құралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне арналған 1224000 – «Сүт өнімдерінің өндірісі» мамандығының өзектендірілген үлгілік оқу жоспары мен бағдарламасы негізінде құрастырылған, КМ 05 «Сүт және қышқыл сүт өнімдерінің микробиологиялық зерттеулері» кәсіптік модулдің оқыту нәтижесіне және мазмұнына қажетті білімді меңгертуге бағытталған, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған.

Оқу құралында мазмұнға сәйкес, оқыту нәтижесін бағалауға тексеру мен бақылау сұрақтары, өз бетінше тапсырмалар орындауға зертханалық жұмыстар берілген.

КМ 05 «Сүт және қышқыл сүт өнімдерінің микробиологиялық зерттеулері» кәсіптік модулін оқытудың негізгі мақсаттары - микроағзалар туралы түсінік беру, шикізаттар мен дайын өнімнің сапасын қалыптастырудағы ролін айқындау.

Сүтті өңдеу, сақтау, тасымалдау және сатуға санитариялық – гигиеналық талаптардың тұжырымдамалары; өндірістің барлық сатысында микробиологиялық бақылау жүргізудегі маманның ролі, сонымен қатар сүттің микробиологиялық қауіпсіздігі мен сақтау кезіндегі бұзылмауы. Берілген модуль санитарлық-технологиялық талаптардың ғимараттарға, жабдықтарға, аспаптарға, киімдерге қойылатын талаптары бойынша білім, дағды мен іскерліктерін сипаттайды; сүт және сүт тағамдары өндірісіндегі қызметкерлердің жеке гигиеналық талаптарды сақтау тәртіптері, сүт және қышқыл сүт өнімдерінің микробиологиялық зерттеулерінің білім, дағды мен іскерліктерін қалыптастырады.

I БӨЛІМ. ЖАЛПЫ МИКРОБИОЛОГИЯ

1 Тарау. Микроағзалардың морфологиясы және жіктелуі

Тақырып 1.1. Бактериялар

Морфологиясы. Бактериялар (лат. тілінен bacteria — таяқша) — хлорофиллі болмайтын, бір клеткалы ағзалардың түрі. Биологиялық қасиеттері бойынша — прокариоттер. Өлшемі 0,1 ден 0,15 дейінгі микрометрден (мкм — 0,001 мм) 16 — 28 мкм жетеді. Бактериялар пішіні мен өлшемі тұрақсыз және қоректену ортасына қарай өзгермелі.

Сыртқы түріне қарай бактериялар 4 пішінді: шар тәріздес (кокктар), цилиндрлі (бактериялар, бациллдер және клостридийлер), иректеліп орналасқан (вибриондар, спириллалар, спирохеттер) және жіпшеленген (хламидобактериялар).

Тақырып 1.2. Актиномицеттер

Морфологиясы. Актиномицеттер, немесе сәулелі саңырауқұлақтар – қарапайым өсімдік ағзалары, органикалық заттарға бай, топырақта кең таралған. Актиномицеттер, өндірісте антибиотиктер алу өндірісінде қолданылады және табиғатта заттар айналымында белсенді қатысады. Актиномицеттер пішіні жіңішке ұзын жіпшеленген түрде, саңырауқұлақтардың гифтеріне ұқсас диаметрі 0,2 - 1 мкм, кейде едәуір ұзын болып келеді.

Actinomycetaceae тұқымдастары. Актиномицеттердің жіпшеленген клеткалары бөлек фрагменттерге бөлінеді, бациллаларға ұқсас келеді. Олардың көбейуі жіпшелердің ортасы жіңішкеріп, бөлініп кетеді, спора түзбейді. Актиномицеттердің басым бөлігі сапрофиттерге жатады. Сапрофиттер-топырақта шіріген органикалық заттарда түзілетін микроағзалар.

Streptomycetaceae тұқымдастары. Саңырауқұлақтыларға ұқсас келеді. Олар ұзын толқындалып шиыршықтанған мицелийлер түзіп, фрагменттелмейтін жіңішке жіптен құралады. Қозғалмайтын споралар (конидиялармен) көбейеді. Конидиялар бактериялар споларарымен салыстырғанда термотұрақты емес, 65°С шамасында 10 - 30 мин кейін өледі.

Стрептомицеттер топырақтағы органикалық қалдықтардың шіруіне белсенді қатысады. Антибиотик стрептомициннің продуценті стрептомицет түрі болып табылады. Олардың кейбіреулері жануарлар мен ауылшаруашылық өсімдіктерін ауруға шалдықтырады.

Mycobacterium тұқымдастары. Mycobacterium – аэробты грам оң таяқшалы бактериялар туысы, қышқылды қоршаған ортаға төзімді, жәй өсетін, көбіне сапрофитті және ауруқоздырғыш топтарынан құралады. Микробактерийлердің кейбірі таяқша тәрізді, сондықтан шынайы бактерияларға жатады. Олар екі жарылып бөлініп көбейеді.

Микробактериялар арасында адамның аса қауіпті дерттері: туберкулез және лепралар (проказа) тудыратын қоздырғыштар кездеседі.

Тақырып 1.3. Саңырауқұлақтар

Өсімдік ағзалары топтарының, хлорофиллі болмайтын түріне саңырауқұлақтар жатады. Саңырауқұлақтарға зеңдер (зең саңырауқұлақтар) және ашытқылар (ашытқы саңырауқұлақтар) жатады. Саңырауқұлақтардың кейбірі ас тағамдарын, органикалық текті тауарлар мен заттарды бұзатын белсенді қоздырғыштары болып келсе, ал керісінше кейбіреулері өндірістік қажеттілікке сыр алу, органикалық қышқылдар, ферментті препараттар, антибиотиктер алуға қатысады. Адам және жануарлардың, өсімдіктердің ауруын тудыратын саңырауқұлақтар бар.

Зең саңырауқұлақтар

Морфологиясы. Зең саңырауқұлақтар клеткасының құрылысы бактериялар мен саңырауқұлақтардың клеткасынан ерекшеленбейді, бірақ олар бір, ал кейде бірнеше созылмалы ядросы бар болады. Клеткалар өте керілген формалы және жіпшелер-гифтерді еске түсіреді. Олардың қалыңдығы 1 - 15 мкм, өте толқындалып шиыршықтанған масса – мицелийлер, не саңырауқұлақ түзіледі.

Мицелий (саңырауқұлақ) — саңырауқұлақ және актиномицеттердің вегетативті денесі, жіңішке торланған жіптерден тұрады, оларды гифтер деп атайды. Мицелий зеңді саңырауқұлақтардың денесі болып табылады. Гифтердің басым бөлігі субстраттардың бетіне (ауадағы мицелий), өсетін ағзалар орналасады, ал қалғаны – субстрат қабатында (субстратты мицелий) орналасады. Мицелиальды саңырауқұлақтар қабатты клеткалы, олардың клеткаларында септалар - қабаттанып топтасқан. Олар жгутиктері жоқ және қозғалмайтын ағзаларға жатады.

Классификациясы

Саңырауқұлақтар - бұл хлорофиллі болмайтын, өсімдік тектес ағзалар. Классификациясын зерттегенде саңырауқұлақтар топтары ішінде жалпы сипаты олардың жынысты көбейуі және филогенетикалық қасиеттері, сонымен қатар морфологиялық және физиологиялық қасиеттері негіз болады.

Классификациясы бойынша саңырауқұлақтар топтары: класстарға, класстық қатарларға, сатыларға, тұқымдастарға, туыстарға және түрлерге жіктеледі.

Сүт және сүт өнімдерін сақтау кезінде пайда болатын зең саңырауқұлақтары келесі классификацияға жатады: фикомицеттер (Phycomycetes), жақсы жетілген көп ядролы бір клеткалы мицелийлі (мукор саңырауқұлағы); қалталы саңырауқұлақтар (немесе аскомицеттер - Ascomycetes) жақсы жетілген септикалық мицелийлі - Aspergillus туысы және Penicillium туысы; жоғары сатылы саңырауқұлақтар (Fungi imperfect), мицелийі көбінде барлығы септикалық (көпклеткалы). Cladosporium зеңі және сүт зеңі Oidium lactis жоғары жетілмеген саңырауқұлақтарға жатады.

Фикомицеттер (Мукор саңырауқұлақтары) классы Phycomycetes, қатары Mucorales, туыстығы Mucoraceae саңырауқұлақтардың 300 түрі бар.

Аскомицеттер - қалталы зең саңырауқұлақтар. Оларға Penicillium туыстары және Aspergillus туыстары жатады.

Peniciliium – жүзім сағағы тәріздес, бүршіктенген, түссіз, септикалық мицелий. Алдымен субстрат бетінде ақ түсті жетіліп, ортадан жіпшеленіп бөлінеді де, соңынан, өркендей келе, бөлек колониялар түзеді. Penicillium спораларды жылдам түзеді, нәтижесінде тағам бетінде ұнтақ тәрізді, сұр-көкшіл түсті түрі пайда болады. Aspergillus сыртқы түрі Penicilliumге ұқсас. Бұл саңырауқұлақтан сүт өнімдері бүлінеді.

Тақырып 1.4. Ашытқылар

Морфологиясы. Ашытқылар – бір клеткалы қозғалмайтын микроағзалар, мицелий түзбейді. Олар қалталы саңырауқұлақтар класы - аскомицеттерге жатады.

Ашытқылар құрылысы.

Ашытқылар клеткасы күрделі құрылысты. Негізін цитоплазма құрайды тіршілік кезеңінде клеткасы, құрылысы және құрамы тұрақты емес. Цитоплазма әр түрлі элементтер құрылымынан тұрады:



1 Сурет. Ашытқылардың клетка құрылысы
1 - клетка қабығы; 2 – бөлінетін ядро; 3 - гликоген дәні; 4 - цитоплазма; 5 - метахроматин; 6 - вакуоль; 7 - митохондриялар; 8 – клетка мембранасы; 9 - рибосомлар.

Митохондриялар – әр түрлі ұсақ пішінді, қабықпен қоршалған көптеген ферменттерден тұрады және үрдістер дамылсыз жүреді, клеткада энергия пайда болады. Мұнда энергияға бай зат - аденозинтрифосфор қышқылы (АТФ) синтезделеді;

Классификациясы. Саңырауқұлақтардың классифициясы вегетативті көбейу тәсіліне (түптену, бөліну), спора түзілу қабілетіне, сонымен қатар физиологиялық көрсеткіштеріне байланысты.

Тамақ өндірісінде сахаромицеттер (Saccharomyces) туысы маңызды орын алады. Бұл туыстық қатарға табиғи түрлері, селекциялық жолмен

алынған түрлері де кіреді. Оларды саңырауқұлақтардың расалары деп атайды.

Олар әртүрлі қанттарды ашыту, ашытуды жылдамдату, ашытудың қолайлы температурасы, спора түзу қабілетімен ерекшеленеді және т.б.

Сүт және сүт өнімдерінде споралық саңырауқұлақтар Saccharomycetaceae туысы (мысалы, Saccharomyces, Zygosaccharomyces туыстары) және аспорогенді саңырауқұлақтар Torulopsidaceae туысы (Torulopsis, Candida, Mycoderma туыстары) жиі кездесді.

Көптеген саңырауқұлақтар спирттік ашытудың қоздырғыштары - қанттардың этил спиртіне анаэробты тотығуына қатысады:

$$C_6H_{12}O_6 \rightarrow 2CH_3CH_2OH + 2CO_2\uparrow + E$$

глюкоза этил спирті

Сүт және сүт өнімдерінде, саңырауқұлақтардың көбейуіне мүмкіндік бар. Сондықтан олардың ашыту қабілеті немесе лактозаны тотықтыру қабілеті анықталады. Осыған байланысты саңырауқұлақтарды, сүт және сүт өнімдерінде кездесетіндерін, 3 *топқа* бөледі:

- *саңырауқұлақтар, спирттік ашыту жүрмейтін, лактозаны сіңіретін қабілетті* тікелей тотықтыру жолымен (сүтте көбейеді, бірақ лактозаны ашытпайды). Бұл саңырауқұлақтарға жататындар Mycoderma, Torula туысты саңырауқұлақтары.

- с*аңырауқұлақтар*, *лактозаны ашытпайтын, бірақ басқа қанттарды ашытады*. Бұл саңырауқұлақтар микроағзалардың бірлескен мәдени түрінде дамиды, олар β-галактозидазалық белсенділік қабілетімен және сүт қантын глюкоза мен галактозаға гидролиздейді. Бұл саңырауқұлақтар түріне көбінде Saccharomyces туысындағы саңырауқұлақтар жатады.

- *саңырауқұлақтар, лактозаны ашытатындар*. Сүт өнімдерінде жиі кездесетін осы топтағы саңырауқұлақтардың түрі: Saccharomyces lactis, Saccharomyces fragilis, Torulopsis kefir, Torulopsis sphaerica, Candida pseudotropicalis.

Саңырауқұлақтардың физиологиялық қасиеті

Көптеген саңырауқұлақтар факультативті анаэробтар болып келеді, кейбір саңырауқұлақтар – аэробтар. Ацидофиллдер – қышқылды ортада жақсы өседі. Температураға қатысты саңырауқұлақтар мезофилді болып саналады, себебі қолайлы температура 25-30^0 С. Одан жоғары температура Torulopsis sphaerica саңырауқұлақтар түрін және саңырауқұлақтардың, лактозаны ашытпайтындарының дамуына ықпал етеді.

Саңырауқұлақтар ролі сүт өнімдерінің сапасын қалыптастыруға маңызы жоғары. Кефир және қымыз өндірісінде олар тек спирттік ашытудың қоздырғыштары ғана емес, олар В тобының дәрумендері өнімдерін құрайды, антибиотикалық заттардың, туберкулез таяқшаларының дамуын тежейтін және басқада патогенді микроағзаларды жояды. Сонымен қатар кейбір

саңырауқұлақтар май шығару өндірісінде қолданылады, себебі олар беткі жағында микроскопиялық саңырауқұлақтардың пайда болуын болдырмайды, және сонымен қатар, майдың сақтау кезіндегі өтетін үрдістерінде тұрақтылығын арттырады.

Тақырып 1.5. Риккетсиялар

Морфологиясы. Риккетсилер микроағзалардың ерекше тобына жатады, оларға сапрофиттар кіреді, патогенді түрлері де жатады. Морфологиясы өз-ара ұқсас, бактерияларды еске түсіреді, полиморфалар (ұсақ таяқша пішінді, кокктар, жіпшелер), грам теріс.

Риккетсилер вирустар тәрізді клетка аралық паразиттер және тірі ағза клеткасында өнеді: клетка ядросындағы цитоплазмада.

*Классификациясы.*Тұқымдастар Риккетсиацее (Ricketsiaceae) екі туытардан тұрады: Риккетсия (Ricketsia) және Коксиелла (Coxiella).

Тақырып 1.6. Ультрамикробтар

Ультрамикробтарға вирустар және фагтар жатады.

Вирустар (лат. тілінен virus - у) басқа микроағзалардан клетка құрылысымен ерекшеленеді. Оларда ядро болмайды, не қабық, не цитоплазма болмайды. Вириондар құрамына молекулалар РНК немесе ДНК, белок қабығымен қоршалған түрде кіреді. Вирустар әртүрлі пішінді: куб, сфера, таяқша тәріздес және басқа да түрі.



2 Сурет. Вирустардың кейбір түрлерінің бөліктерінің пішіні мен көлемі (вириондар):
а - оспалар; б- эпидемиялық паротиттер; в -герпестер; г -темекі мозайкалары; д - грипп; е – жәндіктер полиэдрозасы; ж - аденовирустар; з -полиомдар; и -полиомиелиттер.

Фагтар. Фагтар бұл вирустар, бактерияларды жарақаттайды. Бактериялық санақта олар жылдам көбейеді, қысқа уақыт ішінде лизирлеу (еріту) барлық клетканы жою қабілеті бар. Нуклеин қышқылды фагтар – бұл екітармақты ДНК немесе біртармақты РНК.

Фагтардың, бактерия клеткасында өсетіндері, бактериофагтар деп аталады, актиномицеттер - актинофагтар, саңырауқұлақтар- микофагтар, балдырлар - альгофагтар.

Фагтар түйрегіш тәрізді пішінді. Фагтардың тығыз бөлігі басы саналады, жіңішке бөлігі -құйрығы. Фагтар микроағзалардың белгілі түрін немесе өзіне жақын түрлерін жарақаттайды, яғни таңдау әрекетті қабілеті бар. Сондықтан бактериофагтар микроағзалардың санитариялық-көрсеткіштерін анықтауға қолданылады.

Бактериофагтар суда, су қоймаларында, тоғандарда, топырақта, яғни өздерімен бірге пайда болатын микроағзалардың барлық түрінде кездеседі. Бактериофагтар табиғи суларда қалыптастыратын биоценоздар түзуде белгілі роль атқарады.

Классификациясы

Ағзаға байланысты, вирустардың табиғи жолмен көбейуінің, вирустар классификациясы құрылған, соған сәйкес оларды өсімдіктер вирустары, жануарлар және адамның вирустары, тамыраяқты вирустар, бактерия вирустары (бактериофагтар).

2 Тарау. Микроағзалар физиологиясы

Микроағзалар физиологиясы – олардың қоректенуі, тыныс алуы, өсуі, көбейуі, қоршаған ортамен байланысы және сыртқы қоздырушыларға реакциясы туралы ғылым. Микроағзалар физиологиясы туралы білім, ас тағамдарында қандай өзгерістердің жүретіні, оларды өңдегенде немесе микробтар әрекетінен бұзылуының белгілі түсініктерін қалыптастырады.

Тақырып 2.1. Микроағзалардың химиялық құрамы

Химиялық құрамы бойынша микроағзалар басқа тірі клеткалардан айырмашылығы кем.

Клетканың басым бөлігін *су*: 70 - 85% массаның жалпы көлемін құрайды. Судың маңызы клетка тіршілігінде өте ауқымды. Онда әр түрлі химиялық заттар ериді, электролиттер диссоцияланады, коллоидтар қалыптасады. Су түрлі биохимиялық үрдістердің жүретін ортасы ғана емес, өзі де гидролиздену, тотығу реакцияларына қатысады. Су тасымалдау функцияларын атқарады, қоректік заттардың клетка ішіне түсуін қамтамасыз ету және тіршілік қалдықтарын шығарып тастайды. Сондықтан микробтар сулы қоректік ортада ғана, өсіп және көбейеді.

Ақуыздар - клеткадағы (40-80%) органикалық заттарды құрайды және микроағзалардың маңызды биологиялық қасиеттерін анықтайды. Ақуыздар екі түрде болады: протеиндер (қарапайым), протеидтер (күрделі). Ақуыздар

аминқышқылдарынан құралады, құрамы көптеген микроағзалар түрлеріне тән сипатты. Үлкен маңызды орын нуклеопротеидтерге, ақуыздардың нуклеин қышқылдарымен қосылыстары түрінде: ДНК және РНК алады. Бұл қатарда клеткаларда гликопротеидтер, липопротеидтер, хромопротеидтер кездеседі.

Микроб ақуыздары маңызды роль атқарады- олар антигендік құрылымды болуы, тасымалдау, қорғаушы, қоректік, құрылыстық, қозғалыс функциясын орындайды.

Микроб ақуыздары физико-химиялық өзгерістерге, сілті, қышқыл, температура, қысым, сәулелер әсерінен ұшырайды.

Көмірсулар. Құрамы (10-30%) құрайды, әр түрінде құрамы әр түрлі, бактериялар штаммдары да әр басқа. Ол микробтың жасы мен даму жағдайына байланысты. Бактериялар қарапайым көмірсулар құрайды - моно- және дисахаридтер, комплексті көмірсулар - полиозидтер және ірі көмірсулы макромолекулалар - полисахаридтер. Көмірсулар клеткада энергетикалық роль атқарады, зат алмасуға қажетті үрдістердегі, энергия бөлетін көздер.

Липидтер бейтарапты майлардан құралған, фосфолипидтер және бос май қышқылдары. Олардың саны микроорганизмдердің мәдени жасы және түріне қатысты. Майлар және май тәріздес заттар (липидтер) қабық құрамына кіреді, клетка тіршілігінде қолайсыз жағдай туғанда тұрақтылық және қоректік заттардың қорын құрауда роль атқарады. Липидтер, құрғақ заттардың 0,2 - 40% құрайды, мембрананың цитоплазмалық компененттеріне және клетка қабатында қажетті. Кейбір микробтың клеткаларында липидтер заттардың қорының ролін орындайды.

Бактериялар құрамына күрделі ақуыздар емес азотты заттар: әр түрлі пуриндер, полипептидтер, амино қышқылдар да кіреді. Минеральды құрамы микроағзалардың әртүрлі және қоректік ортаның құрамына байланысты. Клетка тіршілігіне қажетті, негізгі элементтер: натрий, калий, фосфор, кальций, магний, темір, қалайы, күкірт, хлор, кремний. Фосфор, мысалы, нуклеин қышқылдар құрамына, фосфолипидтер, көптеген коферменттерде кездеседі. Кейбір фосфорорганикалық қосылыстар дара энергия аккумуляторлары, мысалы аденозинүшфосфорлы қышқылдары (АТФ). Темір – клетканың ферменттерінің тыныс алуы бөлігінде міндетті кездеседі. Қалайы тыныс алу ферменттерінде болады. Натрий клетканың осмостық қысымын ұстауға қатысады.

Ферменттер - күрделі ақуызды табиғатты органикалық заттар, химиялық реакцияларды үдетеді, яғни олар катализаторлар. Қазіргі таңда ферменттердің 1000 астамы белгілі. Ферменттер клеткада заттардың, зат алмасуымен байланысты өзгерісін атқарады.

Ферменттер және олардың микроағзалардың физиологиясындағы рөлі

Микроағзалардың ферменттерінің жалпы қасиеттері.Физиология микроағзалардың тіршілік функциясын зерттейді: қоректену, тыныс алуы,

өсуі және көбейуі. Физиологиялық функциясының негізінде үздіксіз зат алмасу (метаболизм) жатады.

Барлық үрдістер синтездеу және қоректік заттардың бөлінуі ферменттер қатысуымен жүреді. Микроағзалар ферменттерден тұрады, солардың нәтижесінде зат алмасу функциялары жүреді.

Химиялық құрылымына, қасиеттері және әсерлесу механизмдеріне сәйкес, микробтар ферменттері жануарлар мен өсімдік ағзалардың ферменттеріне ұқсас.

Ферменттер микроб клеткасында көп жағдайда цитоплазмада локализацияланады, кейбіреулері клетка қабығында болады. Микроағзалар ферменттерді синтездейді, сәйкесінше алты классқа жатады:

1-ші класс - оксидоредуктазалар – микроағзалардың ашыту және тыныс алу үрдістерінде маңызды орын алады, с.қ. энергетикалық зат алмасуда.

2-ші класс - трансферазалар (тасымал ферменттері) атомдардың топтарын бір қосылыстан екіншіге тасымалдауда реакцияларды катализдейді.

3-ші класс - гидролазалар (гидролитикалық ферменттер). Олар күрделі (ақуыз, майлар және көмірсулар) міндетті түрде ылғалды ортада жүреді, қосылыстардың түзілу реакцияларын катализдейді.

4-ші класс - лиазалар екі компонентті ферменттерден тұрады, гидролитикалық емес жолмен(ылғалсыз) субстраттар арнайы топтардан (CO_2, H_2O, NH_3 ж.т.б.) тұрады.

5-ші класс - изомеразалар - бұл ферменттер, органикалық қосылыстардың, олардың изомерлеріне кері айналуының катализаторлары.

6-шы класс -лигазалар (синтетаздар) - бұл ферменттер, қарапайымнан күрделі органикалық қосылыстарға синтездеу катализаторлары. Лигазалар микроағзалардың көмірсулар және азотты алмасуында маңызды роль атқарады.

Ферменттердің өзіне тән жалпы сипаты әсерінде, әрбір фермент белгілі субстратпен әсерлеседі немесе бір немесе бірнеше химиялық реакцияларды катализдейді.

Микроағзалар ферменттері классификациясы экзоферменттер және эндоферменттер, конститутивті және индуктивті (адаптивті) бөлінеді.

Экзоферменттер, қоршаған ортаға бөліне келе, қоректік заттардың макромолекуларын микроб клеткалары сіңіретін, қарапайым қосылыстарға айналдырады. Экзоферменттерге жататындар, гидролазалардың ақуыздар, майлар, көмірсулар гидролизденуін шақырады. Ақуыздардың гидролизденуі нәтижесінде аминқышқылдары және пептондары, майлар – май қышқылдары және глицерин, көмірсулар (полисахаридтер) – дисахаридтер және моносахаридтерге айналады. Ақуыздар ферменттерді протеазалар, майлар-липазалар, көмірсулар-карбогидразаларға айналдырады.

Эндоферменттер клетка аралығындағы зат алмасу реакциясына қатысады.

Конститутивті ферменттер микроб клеткасында тіршілік құруында қоршаған ортаға тәуелсіз кездеседі. Бұлар көбінде клетка алмасуындағы ферменттер - протеазалар, липазалар, карбогидразалар.

Индуктивті (адаптивті) ферменттер клеткада тек сәйкес қоректік ортада болатын субстраттың әсерінен синтездейді, микроағзалар осы субстратты сіңіруге мәжбүр болады. Индуктивті ферменттер микроб клеткасының өзгермелі жағдайларға бейімделуіне мүмкіндік береді.

Температураның 40-50^{0}С дейін шамасында ферментті реакциялар жылдам жүреді, бірақ соңынан баяулайды, фермент әсері тоқтайды. Температураның шамасы 80^{0}С жоғарылағанда барлық ферменттер қайтымсыз белсенділігін жояды.

Фермент белсенділігіне ортаның рН мөлшері тікелей әсері бар. Бір ферменттер үшін қышқыл орта қолайлы болса, ал басқасына – бейтарап немесе әлсіз қышқылды орта болып табылады. Ферменттер жоғары белсенді. Осылай, молекула каталазалар минутына 5 млн молекула сутегі пероксидін жояды, ал 1 г амилазалар қолайлы жағдайда 1 т крахмалды қантқа айналдыра алады. Әрбір фермент қатаң қабілеті, өзіне тән күрделі молекулалардың немесе белгілі заттардың байланысына әсері бар. Мысалы, амилаза тек крахмалды, лактаза – сүт қантын, целлюлаза - целлюлозаны, липаза - майды айналдыруын шақырады. Сипатына қарай ферменттер экзоферменттер, клеткалармен қоршаған ортаға бөлінеді, және эндоферменттер, клеткаларлардың ішкі құрылысымен тығыз байланысқан және оның ішінде әсерлеседі.

Тамақ өнеркәсібінде микробтар ферменттерін қолдану, технологиялық үрдістерді үдетуге, дайын өнімнің шығымын жылдамдату мен сапасын едәуір жақсартады.

Ферменттер классификациясы

1. Оксидоредуктазалар. Бұларға ферменттердің, тотығу-тотықсыздану реакцияларын катализдендіруге қатысатындары жатады.

Клетканың тотығу - тотықсыздану үрдістері ішкі жолмен жүруі мүмкін: сутегі иондарын тасымалдау, оттегінің қосылуы және электрондарды тасымалдау.

Кең тарағаны оксидоредуктазалармен дегидрогеназалар жатады, сутегіні тасымалдауды атқарады. Дегидрогеназ құрамына коферменттер НАД+ (никотинамид аденин дину клеотид) немесе НАДФ+ (никотинамидаденинди - нуклеотидфосфат), сонымен қатар ФАД (флавинадениндинуклеотид) немесе ФМН (флавинмононуклеотид) түрде кездеседі. НАД+ и НАДФ+ құрамына дәрумендер РР, ал ФАД и ФМН құрамына - дәрумен B_2 тобы кіреді. Бұл коферменттер күрделі қосылыстардан - нуклеотидтер туындылары кіреді. Дегидрогеназалар маңызды үрдістерде орын алады, мысалы фотосинтез, ашу және тыныс алу. Дегидрогеназалар кейбір цикл кребсты реакцияларын катализдейді. Алкогольдегидрогеназалар және лактатдегидрогеназалар, сәйкесінше, спирттік және сүтқышқылды ашытуға қатысады.

Биологиялық тотығу, сутегіні тасымалдау және дегидрогеназдың қатысуымен, энергияның бөлінуімен қатар, клеткаларда АТФ түрінде қоры болады.

Оксидоредуктазалар, олар үшін сутегі акцепторлары ауадағы оттегі болып саналады, оксидаза деп аталады.

Оксидоредуктаз ішінде тағы екі фермент - каталаза және пероксидаза маңызды орын алады. Бұл ферменттер тірі клеткаға улы әсері бар сутегі қос (перекись водорода) тотығын жояды. Оксидоредуктазалар, тотықтыратын субстратқа ауадағы оттегіні қосу катализдеу реакциясы, оксигеназалар деп атайды. Оларға, мысалы, фермент липоксигеназа жатады, жоғарымолекулярлы қанықпаған майлы қышқылдар ауадағы оттегінің тотығуын катализдеуге қатысады.

Пероксидазалар - бұл темірқұрамды ферменттер, органикалық қосылыстарды оттегімен H_2O_2 тотығуын катализдейді.

Каталаза - бұл фермент тотығу реакцияларына қатыспайды, бірақ аэробты тыныс алуда маңызды орын алады, осы тыныс алуы үрдісі нәтижесінде H_2O_2- заты түзіледі, клеткаға улы.

2. **Трансферазалар** – тасымал ферменттері. Бұл бір кең тараған фермент класстары болып табылады. Бұл топта әрекет сипатына қарай фосфотрансферазалар, аминотрансферазалар, гликозилтрансферазалар, ацилтрансферазаларға бөлінеді.

Фосфотрансферазалар - бұл ферменттер, фосфор қышқылы қалдығын тасымалдау катализдеу әрекеті органикалық қосылыстардың фосфотрансфераздан фосфорлы эфирлер түзеді, олардың көбі жоғары реакциялық қабілеті және келесі реакцияларға жылдам түседі. Сәйкесінше, органикалық қосылыстардың фосфорлануы олардың белсендену үрдісі деп санауға болады. Жиі фосфатты топтардағы донор болып молекула аденозинтрифосфор қышқылы (АТФ) болып табылады. Фосфотрансферазалар, фосфат топтарында донор АТФ молекуласы, киназа деп аталады. Киназаға мысалы, глицеролкиназа жатады, тасымалдауды жылдамдатып, фосфор қышқылын қалдығын АТФ молекуладан глицерин молекуласына айналдырады.

Аминоферазалар-ферменттер, катализдеу реакциясы аминдену, яғни аминтобын ($-NH_2$) аминоқышқылынан кетоқышқылға тасымалдау. Аминоферазалар өзіне тән қатаң, олардың әрқайсысы аминтобын реакцияларын катализдеу тек белгілі аминқышқылдарында жүреді. Аминоферазалар зат алмасуда маңызды роль атқарады, жаңа микроағзалардың клеткаларында аминқышқылдарын түзуге қатысады.

3. Гидролазалар - ферменттерге жатады, органикалық қосылыстардың ылғалды ортада реакцияларды жылдамдатады. Олар микроағзалардың қоректік ортасында үлкен маңызы бар.

Олар келесі класстар қатарына: гидролаздар - гидролиз реакцияларын катализдейді, заттардың бөлінуін сумен байланысын үзіп түзеді, бұл класстарға пайдалы ас қорыту ферменттері жатады. Олар біркомпонентті (ақуыз бөлігі болмайды).

3.1. Эстеразалар - эфирлі байланыстарды бөледі. Бұл ферменттердің ірі класс қатары, тиол эфирлері, фосфоэфиркатализдеу гидролизі тиол эфирлері, фосфоэфирлерін түзеді. Мысалы: липаза.

3.2. Гликозидазалар - поли- и олигосахаридалар молекулалары гликозидтермен бөлінеді.Мысалы: амилаза, сахараза, мальтаза.

3.3. Пептидазалар - пептидті гидролиздеу байланысын катализдеу. Мысалы:карбоксипептидаза, химотрипсин, трипсин.

3.4. Амидазалар - амидті байланыстар ($CO-NH_2$) түзеді. Мысалы: аргиназа (мочевины циклі).

4. Лиазалар - ыдырату ферменттері, гидролитикалық емес ыдырату реакцияларын катализдейді, олардың нәтижесінде қос байланыстар түзіледі. Лиазалар химиялық топтағы қос қосылыстарды катализдейді. Мысалы ферменттердің лиаз класстары пируватдекарбоксилаза болса, CO_2 түзілуі қос тотықты шарап қышқылы түзіледі.

5. Изомеразалар - бұл ферменттер, түрлі органикалық қосылыстарды изомерлеу катализдеуге қатысады. Мысалы, глюкозофосфатизомераза ферментінің катализденуі өз ара глюкозо-6-фосфаты мен фруктозо-6-фосфаты: глюкозо-6-фосфат → фруктозо-6-фосфатқа айналады.

Изомеразалар. Олар органикалық қосылыстарды катализдеу олардың изомерлерге айналдырып, трансферазалардан изомеразалардың ерекшелігі катализдеу топтарды тасымалдау молекула ішінде өтеді. Бұл өзгерулер молекула ішінде сутегінің тасымалы жүреді, фосфатты және ацетильді топтар, қос байланыстардың ауысуы, атом топтарының орналасу кеңістігінің өзгерісі жүреді. Изомеразалар зат алмасуда маңызды роль атқарады.

6. Лигазалар (синтетазалар). Бұл ферменттер, қос молекулаларды бір бірімен қосылысын катализдеу, АТФ молекуласының жоғарыэнергетикалық байланысын гидролиздеумен қатар жүреді.

Лигазалар (синтетазалар). Бұл органикалық қосылыстардың жәй түрден күрделі түріне синтездеуді жылдамдататын ірі ферменттер тобы. Синтездеу реакциясы едәуір энергия шығынын талап етеді, сондықтан лигаза белсенділігі макроэнергетикалық қосылыстар, аденозинтрифосфорлы қышқылы (АТФ) немесе басқасы нуклеотидтрифосфат. Молекуладан АТФ лигаз қатысуымен бір немесе екі фосфор қышқылдары қалдықтарынан энергия көп бөлініп, әсерлесетін заттардың белсенділігін қолданады.

Ферменттер каталитикалық функциясын атқаруға қабілетті, клеткадан тыс және ағзадан тыс, сондықтан іс жүзінде ферменттердің бөлінуі аса қызығушылық тудырады және оларды өндірістер тамақ, жеңіл, медициналық және басқада өнеркәсіп саласында, қоғамдық тамақтандыруда қолданады. Ферменттерді қолдану технологиялық үрдістерді жылдамдату, дайын өнімнің сапасын, оның тауарлық түрін жақсартып, өндірудің өзіндік құнын төмендетеді.

Тақырып 2.2. Қоректендіру түрлері

Тірі ағзалар бір бірінен өздерінің қореқке тәуелділігімен ерекшеленеді. Бірақ тамақ құрамының сайып келгенде микробтар үшінде, жануарлардың жоғары тобына, өсімдіктердің ағзаларына да құрамы ұқсас болып келеді. Негізгі ағзагендары болып көміртегі, азот, оттегі және сутегі жатады. Олардан басқа жақсы жетілуге қажетті элементтер қатары: P, S, K, Fe, Ca, Mg. Оларға қажеттілік жоғары емес, бірақ қоректік ортада болуы міндетті.

1 Кесте. Бактериялардың қоректену түрлері

Автотрофтар	Ауада өмір сүретіндер	
	Органикалық емес қосылыстарды түзуге бактерияларда органикалық заттар қолданылады	
	Күн сәулесінің энергиясын қолданатындар (цианобактерии)	Органикалық емес заттардың энергиясын қолданатындар (күкірттібактериялар, темірбактериялары)
Гетеротрофтар	Оттексіз ортада өмір сүретіндер	
	Органикалық қосылыстарды түзуге бактерияларда органикалық заттар қолданылады	
	Сапрофиттер қоректік заттарды өлексе денелерден алады	Паразиттер органикалық заттармен тірі денелерден алады

Тақырып 2.3. Микроағзалардың тыныс алуы

Микроағзалар тыныс алу түріне қарай екі топқа бөлінеді - аэробтар және анаэробтар.

Аэробтар энергия алу үшін органикалық материалды тотықтыруды ауадағы оттегі арқылы жүргізеді. Оларға саңырауқұлақтар, кейбір ашытқылар, көптеген бактериялар және балдырлар жатады. Көптеген аэробтар ораникалық заттарды толық тотықтырады, соңғы өнім CO_2 және H_2O түрінде. Бұл үрдіс жалпы алғанда төмендегі теңдеумен беріледі:

$$C_6 H_{12} O_6 + 6O_2 = 6CO_2 + 6H_2 O + 2822 \text{ кДж.}$$

Анаэробтар - бұл микроағзалар, тыныс алуы бос оттегісіз өтуге қабілетті. Анаэробты тыныс алу үрдісі микроағзаларда сутегі субстратын айырумен өтеді. Мұндай анаэробты тыныс алу үрдісін ашыту деп атауды қолданады. Мысалы ретінде энергия алу түрлеріне спирттік,сүт қышқылды

және майқышқылды ашытуды жатқызуға болады. Спирттік ашыту мысалымен қарастырайық:

$$C_6 H_{12} O_6 = 2C_2 H_5 OH + 2CO_2 + 118 \text{ кДж.}$$

Анаэробты микроағзалардың оттегіге байланысы әр түрлі. Біреулері оттегіні қажетсінбесе және облигатты деген атауы болса, немесе қатаң, анаэробтар. Оларға майлықышқылды ашыту қоздырғыштарына, столбняк таяқшасы, ботулизм қоздырғыштары жатады. Басқа микробтар аэробты, сонымен қатар анаэробты жағдайда да дамиды. Оларды - факультативті деп атайды, немесе шартты анаэробтар; бұл сүтқышқылды бактериялары, ішек таяқшасы, протей және т.б.

Тақырып 2.4. Микроағзалардың өсуі мен көбейуі

Микроағзалардың физиологиялық ерекшеліктерінің бірі, табиғаттағы үрдістер және техникалық үрдістерге қатысу деңгейімен, олардың өте жоғары және сенгісіз өсу жылдамдығы мен көбейуі жатады. Бұл жерде алғашқы орынды- бактериялар, екінші – микрағзалардың ашытқылар тәріздестері, зең басқалардан қалысады.

Саңырауқұлақтардың көбейуі (түйнектелу жолымен), жәй жүреді. Прокариотикалық клеткалар (ортадан) жарылу арқылы тікелей көбейеді. Өркендеу үрдісінде клеткалар өне бастайды жалпы азотты заттар, РНК және ДНК саны көбейеді. Нуклеоид көлемі өсіп, цитоплазмалық мембрана екі тармақты ДНК ферменттер әсерінен сутегі байланысы үзіледі. ДНК репликациясы жүріп, және комплементарлы екінші тармақ синтезделуі жүреді, оларда клетка полюстарынан ажырайды. Олар әрі қарай клетканың туындысы нуклеоидтарға айналады.

Нуклеоид ажыраған соң аралық қос перде бөлінеді, цитоплазмалық мембранада пайда болады. Клетканың изоморфалық және гетероморфалық бөлінуі бар.

Ажыраған клеткалар бір бірінен бөлініп, жанында қатарласып құралады да, дипло немесе стрептобактериялар, стрептококктар, стафилококктар және сарциналар түзеді. Бұл клетканың қасиеттерінің шырышты бөлігінің жайылуына байланысты, қореқтік ортаның қасиеттеріне және т.б. Теореия жүзінде анығы клетканың бөлінуі, клетка бөлінгенде әрбір 20 - 30 мин сайын бактерия саны 24 сағ ішінде 10 - 15 млрд клетканы құрауы мүмкін, ал 5 тәулікте бір клетканың көбейуі тірі массаны тұқымына қалдыруы, біздің планетадағы әлемдік теңіз бассейіндерін және теңізді толтыруы мүмкін. Алайда шынымен де микробтардың жылдам көбейуі жүрмейді, себебі табиғи жағдайда пайда болған өскіндердің, оларға көбейуіне теріс әсер ететін метаболизм, ультракүлгін сәулелер, қоршаған ортада температураның төмен немесе жоғары болуы әсер етеді. Көбейу бактериялардың шектелген сұйық қоректік ортада (пробиркада, колбада) белгілі заңдылықпен өтеді, көбейуді қисық сызбадан бақылауға болады. Бұл

қисық сызық клеткалардың өлуін, көбейумен қатар жүретінін көрсетеді. Микроағзалар қозғалысын жоғалтып, бояуды қабылдау қабілеті және Грам бойынша түс өзгертуі жүреді, биохимиялық белсенділігін біраз төмендеуі, вирулентті лігі, антигенді қасиеттерін жоғалтады.

Тұтас қоректік ортада көбейу микроағзалардың колониялар түзуі, бір клетканың бірдей тектес шоғырланған особолар және көбейу арқылы қалыптасқан түрі.

Олар дөңгелек, айырлы, жұлдызды, ағаш пішінді, сыртқы беті біртегіс, ісінген, жалпақ, шатыр тәріздес, жаншылған болады. Колониялар шеттерінің құрылысымен анықталады, мысалы олардың, тегіс (S-формалы) және бұдырлы (R-формалы). Ұзындығына қарай колониялар: ірі (4 мм жоғары) диаметрде, орта (2-4 мм), майда (1-2мм) және ергежей (1мм кіші), колониялар консистенциясымен, тығыздығымен, мөлдірлігімен, түсімен ерекшеленеді. Олар шырышты, сілекейлі, қаймақ тәріздестері, ылғалды, құрғақ, мөлдірлі, жартылай мөлдірлі және мөлдір емес, боялған және түссіз. Микроағзалардың әр түрі колонияларға тән тығыз қоректік ортада және сұйық ортада өсуі сипатымен бөлінеді. Микробтардың қоректік ортада өсу ерекшеліктерін мәдени қасиеттері деп атайды. Оларды микроағзалардың түрін айыру үшін қолданылады.

3 Тарау. Микроағзалардың дамуына қоршаған ортаның әсері

Микробтардың тіршілігі қоршаған ортаның жағдайына тікелей байланысты. Микрофлораның өмірін реттейтін басты факторларға жататындар: температура, ортадағы еріген заттардың концентрациясы, ортаның реакциясы (қышқылды немесе сілтілі) және де сирек емес субстраттың тағыда консистенциясы (қатты, сұйық). Жалпы микробиологияда микроағзаларға әсер етуші, факторлар санына тағыда жарықты қосады, бірақ сүт өндірісінде, сүт және сүт өнімдерінің мөлдір болмауы себебінен, ол фактор маңызды орын алады, сондықтан біз оны қарастырмаймыз.

Микроағзалардың көбейуіне, ортаның қолайлы не басқада жағдайлар тудыру арқылы, микробтардың пайдалылыларын көбейтуге және улыларының тіршілігін жоюға болады. Көптеген ас тағамдарының химиялық құрамы түрлі микроағзалардың көбейуіне қолайлы орта болып табылады. Сондықтан маңызды көңіл бөлетін нәрсе, ас тағамдарының жақсы сақталуы, оларда улы микроағзалардың көбейуіне қолайсыз жағдайлар туғызу болып табылады.

Оптимум – шама, бұл кезде микроағзалардың жеке функциялары жақсы көрінеді және олардың жалпы тіршілігі айқындалады. Максимум және минимум - жоғары және төменгі факторлардың шектік ауқымы, жоғары және төмендегенде микроағзалардың тіршілігінің мүлде болмауы.

Деңгейлік эффект- кенеттен, ешқандай ескерту дабылынсыз, қоршаған ортаның факторларының сәл ғана өзгерісі сыну нүктесі болуы мүмкін.

Тақырып 3.1. Физикалық жәйттердің әсері

Температура. Бұл фактор ең басты және маңызды факторлар, микроағзалардың тіршілігінің әрекеттеріне әсері, соның ішінде сүт өндірісінің техниктері осы жәйтті жиі реттеуге ұмтылады. Максимальды және минимальды шамалардың интервалы әртүрлі микроағзаларда бірдей емес. Мысалы, температураның шектері зең саңырауқұлақтарының көбейуіне -8 ^{0}С ден 60 ^{0}С, яғни интервал шегі 70^{0}С, сонда кейбір басқа түрлеріне ол бар болғаны 1 - 2^{0}С. Оптимальды температураға қатысты микроағзалардың көбейуі топтарға бөлінеді.

Психрофилдер – салқынды сүюші микроағзалар, төмен температурада жаңсы өседі. Оларға бейімді сипаттар: минимумы (-10 - 0^{0}С), оптимумы (10 - 15^{0}С), максимумы (30^{0}С аралықта). Оларға жататын микробтар, полярлы елдерде, солтүстік теңіздерінде, мұздатылған және тоңазытылған тағамдарда болады.

Мезофилдер - микроағзалар, оларда температуралық минимумы шама шектігі 5 - 10^{0}С, оптимумы – 25 - 35^{0}С аралықта, максимумы - шегі 40 - 50^{0}С. Бұл топтарға жататындар жиі салқындатылмай сақталатын, азық түліктерді бүлдіреді.

Термофилдер – жылусүйгіш микроағзалар, салыстырмалы жоғары температурада жақсы дамиды. Оларға шама шектік сипаты: минимумы (30^{0}С аралықта), оптимумы (50 - 65^{0}С), максимумы (70 - 80^{0}С), ал кейбіреуіне ол шамадан жоғары. Олар кейбіреуі топырақта, жануарлардың ас қорыту жүйесінде, ыстық бұлақтарда, оңтүстік алқаптарындағы топырақта кездеседі.

Жоғары температураның әсері. Температуралар, максималь шамадан асқанда, микробтарды өлтіреді. Жоғары температураны микроағзалар қолайсыздыққа тап болады, төмен шамамен салыстырғанда. Ысытуға термофилдер төзімді, олар жоғары термотұрақты қабілетті.

Термотұрақтылық - бұл микроағзалардың ұзақ ысытуға шыдамдылық қабілеті, олардың дамуы температуралық максимумынан асып кетеді.

Термотұрақтылық микроағзаларда споралардың болуымен түсіндіріледі. Төзімді термотұрақты бактериялардың споралары саналады. Жоғары температураның өлтіруші әсерін азық түліктердегі микроағзаларды жойуға түрлі әдістерді қолдануға негізделеді. Бұл қайнату, пастеризация, стерилизация.

Стерилизация - бұл процесс жоғары температура әсерімен микроағзаларды толық жою, соның ішінде споратүзушілерді. Стерилизацияның әр түрлі әдісі мен тәсілі бар. Көбінде арнайы қазандық-автоклавата жүргізеді. Тығыз жабылған және ыстық бумен шарпу арқылы ол жерде жоғары қысым пайда болады және судың қайнау температурасы артады. Қордаланған қысым 0,5 атм. шамасында температура 112^{0}С тең, 1 атм. – 121^{0}С және т.б. Стерилизациялаудың әр түрлі әдісі: термиялық-қайнату, отпен шарпу, ыстық ауа, қаныққан буда қысыммен (автоклавтау), бумен шарпу; салқындықпен - фильтрлеу (фильтрлер, бактерияларды сүзу).

Стерилизациялау стерильденген сүт өнімі өндірісінде және сүт консервілеріне қолданылады.

Пастеризация – бұл жиі өнімді температураның 63 - 80 ^{0}С шамасына дейін 20-40 мин уақыт бойы өңдеу. Кейде пастеризация қысқа мерзімді өңдеу (бірнеше секунд) температураның 90 - 100^{0}С шамасына дейін қыздыру. Пастеризациялау кезінде барлық микроағзалар жойылады. Кейбір термотұрақты бактериялар, олардың споралары көптеген бактерияларда тірі қалады. Сондықтан пастерленген тағамдарды соңынан лезде суыту яғни температураны 10^{0}С жоғары емес және салқын жерде сақтау, клеткаларда қалған споралардың дамуын болдырмау.

Төменгі температураның әсері. Микроағзалар төменгі температураға төзімді келеді. Микробтардың көбейуі және биохимиялық белсенділігі температураның минимальды шегінен түскенде төмендейді, соған қарамай, клеткалар көбінде өледі, олар анабиоз күйіне «құпия өмір» өтеді. Көптеген микроағзалар бұндай күйде әсіресе олардың споралары, ұзақ уақыт тірі қабілетті болады. Температура жоғарлаған сайын споралар вегетативті клеткаларда өседі және белсенді көбейе бастайды. Төменгі температуралар тез бұзылатын өнімдерді сақтауға қолданылады. Оларды салқындатылған күйде - температураның 10 ^{0}С до -2 ^{0}С шамасында, немесе тоңазытылған күйде – температураның -12 до -30 ^{0}С дейін. Салқындатылған өнімдерді сақтау кезінде, тоңазытумен салыстырғанда, табиғи қасиеттері сақталады, бірақ микроағзалардың өсуі тоқтамайды, тек тежеледі, сондықтан оларды сақтау мерзімі ұзақ емес. Микроағзалардың өнімдерді тоңазыту кезінде өлуі температура мен тоңазыту жылдамдығына байланысты. Микробтарға тоңазытуды жәй жүргізу әсіресе өлтіреді. Тоңазытылған өнімдерді сақтағанда оларда микроағзалардың өсуі болмайды, салқындатылғандарымен салыстырғанда, сондықтан олар сапалы ұзақ сақталады. Микроағзалар қайталап тоңазыту мен ерітудің әсерінен өледі.

Ортаның ылғалының әсері. Микроағзалардың дамуына ортаның ылғалдылығы үлкен ықпалы бар. Клетка судан (85% дейін)тұрады және ол тургор қысымын ұстайды. Минимальды ортаның ылғалдылығы, онда бактериялардың өсуі сақталады,ол 20-30% тең, ал көптеген зеңдерге 11-13%, ал кейбір жағдайда 6% (мақта талшығы).

Микроағзалардың ылғалға тапшылығы кең шектік деңгейде айнымалы.

Микроағзалардың гидрофитты – ылғал сүйгіш, мезофитты – ортасүйгішті және ксерофитты – құрғақ сүйгіштер. Бактериялар және саңырауқұлақтар көбінде гидрофиттер.

4 Тарау. Тағамдық инфекциялар және тағамдық уланулар

Тақырып 4.1. Тағамдық инфекциялар

Аурудың, тамақ әсерінен пайда болуы, патогенді немесе шартты-патогенді микроағзалар тудыруын алиментарлы(тағамдық) деп атайды.

2 Кесте. Тағамдық аурулардың салыстырмалы сипаттамасы

Тағамдық инфекциялар		Тағамдық уланулар
1	Жұқпалы аурулар	Жұқпалы емес аурулар
2	тамақ арқылы ғана таралмайды, су, ауа, тұрмыстағы-байланыстар және т.б.	жұғысқан тамақ арқылы ғана таралады.
3	көптеген қоздырғыштар ас тағамдарында көбеймейді, бірақ ұзақ уақыт тіршілігін және вируленттілігін сақтайды.	қоздырғыштар ас тағамдарында жылдам көбейеді, және токсиндер түзеді.
4	микробтардың жарақаттау дозасы өте жоғары емес.	ауру микробтардың концентрациясы мөлшері тағамда бар болса пайда болады.
5	инкубациялық кезеңі ұзақ, әр ауруларға сипаты сәйкесінше: бірнеше күннен, бірнеше аптаға дейін және онан да көп.	инкубациялық кезеңі қысқа: әдетте бірнеше сағат.

Тағамдық аурулардың спецификалық ерекшеліктеріне сәйкес оларды екі топқа бөледі: тағамдық инфекциялар және тағамдық уланулар.

Негізгі бактериофагтар дамуын болдырмау жолдары: закваска өндіру кезінде асептикалық жағдайды ұстану. Асептикалық закваска дайындау абсолютті стерильділік, сүтті жоғары көтеріп ысыту (температураның 90^0С төмен емес), закваска өндіретін барлық қондырғыларды өте тыңғылықты жуу және дезинфекциялау. Закваскаларды бірнеше күн ішінде қолдану, ал соңынан закваскаными ұқсас қасиеттілерін қолдану. Ауысымда қолданатын 3 тен 8 закваска қажет. Закваска штаммаларын кезектесіп отыру, бактериофагтардың түрлеріне көп санына сезімтал емес. Закваскаными лизогенді штаммдарынан басқасы.

Қоректік ортаны қолдану, бактериофагтардың дамуын тежейді, фагтардың вирулентілігіне негізделеді, оларда кальций болуына байланысты. Бұл, фагтар және бактерия бөлшектері бірдей электр зарядты және кальций иондарының болмауы, олардың бірін бірі тебуі себебімен түсіндіріледі. Ортаға иммунды сүт қосу, яғни сүтті, сиырдан сауған соң, бактериофагтармен иммундау, және де спецификалық фагтарға қарсы антител қолдану.

Бақылау сұрақтары:

1. Шіру дегенміз не? Процесстің жүруін сипатта?

2.Процесстердің дезаминдеу және аминқышқылдарын декарбоксилдеуді қалай түсіндіресің?

3. Азробтық шірудің соңғы өнімдері қалай түзіледі?

4. Анаэробтық шірудің соңғы өнімдері қалай түзіледі?

5. Шіріткіш қандай споратүзуші аэробтық бактериялар сіздерге таныс?

6. Қандай шіруді спорасыз факультативті-анаэробты шіріткіш бактериялар шақырады?

7. Май қышқылды ашудың химиялық байланысы қандай? Осы үрдістің микроағзалар -қоздырғыштарын сипаттаңдар.

8. Қандай микроскопиялық саңырауқұлақтар сүт және сүт өнімдерінде жиі кездеседі? Қандай процесстерді олар туындатады?

9. Қандай процесс микроскопиялық саңырауқұлақтардың майларда тотығуды шақырады?

10. Бактериофагтар дегеніміз не? Олардың вирулентті және біркелкі фагтары айырмашылықтары?

6 Тарау. Ферма шаруашылығында сауылған, сүттің микробиологиясы

Тақырып 6.1. Шикі және пастерленген сүт микробиологиясы

1. Шикі сүт микрофлорасы және олардың сақтау процессінде өзгеруі
2. Шикі сүт микрофлорасының термиялық өңдеуде өзгеруі (стерилизациялау, пастеризациялау).Пастерленген (ішуге арналған) сүттің микробиологиялық көрсеткіштері
3. Сүттің бұзылуының түрлері

1. Шикі сүт микрофлорасының шығу тегі және олардың сақтау процессінде өзгеруі

Шикі сүт микрофлорасының шығу тегі:

-желін, малдың терісі;

-сауға арналған аппаратура және ыдыстар;

-ферма қызметкерлерінің арнайы киімі мен қолдарынан.

Жаңа сауылған сүт микрофлорасы әр түрлі. Ең көбі микрококктар, сүт қышқылды бактериялары, ішек таяқшасы бактериялары топтары, флуоресцируші бактериялары, протеолитикалық споратүзуші бактериялар туысы Bacillus и Clostridium, зеңдер, ашытқылар. Шикі сүтте патогенді микроағзалар: бруцеллалар, туберкулездің микобактериясы, сальмонеллалар, алтын стафилококк және б.

Микрофлораның сапалық және сандық көрсеткішіне сүттің микрофлора құрамының сипаты жеген жемге байланысты. Мысалы, құрғақ жемдерді қолданғанда сүтте споратүзуші бактериялар саны көп кездеседі.

Шикі сүт, ішетін сүтке өңделгенде, мезофильді аэробты және факультативті-анаэробты микроағзалар (КМАФАнМ) шектен аспауы тиіс $1 \cdot 10^6$ КОЕ/см^3, ал термотұрақты микроағзалар саны аспауы тиіс мөлшері $4 \cdot 10^4$ КОЕ/см^3, сүтке, сүт консервілерін шығаруға қатал талаптар: бактериялар споралары аспауы тиіс саны 1·102 коЕ/см^3.

Сақтау кезінде алғашқы сүт микрофлорсы сандық және сапалық арақатынасы өзгереді. Осы жерде бірнеше фаз ерекшелінеді:

1.Бактерицидтік фаза. Микроағзалардың болмауы және олардың кейде өлуімен сипатталады. Бұл сүтте бактерицидтік заттардың - лизоцимдердің болуымен іске асады. Бактерицидтік фаза бактериальды ұрықтану деңгейімен және сүтті сақтау температурасымен созылады. Температура сақтау кезінде неғұрлым төмен болса, соғұрлым бактерицидтік фаза ұзақ: 0^0С шамасында ол 48 сағатқа созылады, 10^0С – 24 сағат, ал 30^0С – 3 сағат.

2. Микрофлора аралас фаза. Микроағзалардың белсенді көбейуі. Сүттің сақтау температурсы микрофлорның келесі түрлерін бөледі:

А) криофлора (төмен температураның флорасы - от 0 до 8^0С). Психрофильді микроағзалардың дамуы жәй жүруімен сипатталады туыстары Pseudomonas, Achromobacter, Micrococcus.

Б) мезофлора (флора орташа температур - от 10^0 до 35^0С), сүт қышқылды бактериялардың жылдам көбейуі.

В) термофлора (жоғары температураның флорасы - от 40^0 до 45^0С), сүтте термофильді сүт қышқылды таяқша және стрептококкалар дамиды.

3. Сүт қышқылды бактериялы фаза. Бұл фаза температура мөлшерінде мүмкін 10^0С жоғары. Бұл фазаның соңында қышқылдылық артады, сүт ашиды. Басқа бактериялар қышқыл ортада өледі. Сонымен атап өтетіні, бастапқыда сүтқышқылды стрептококкалар, қышқылдылық артып сүттің тығыздығы 120^0Т дейін, ал соңынан - сүт қышқылды таяқша, олар қырылатын қажетті шама титрлеу қышқылдылық 250-300^0Т.

4. Ашытқы мен саңырауқұлақтар фазасы. Қышқыл сүттің бетінде зең саңырауқұлақтар және ашытқылар пайда болып, сүт қышқылын сіңіріп алады. Сүттің қышқылдылығы төмендейді, олар шіріткіш бактериялардың дамуына қолайлы болады.

Сонымен, микрағзалардың шикі сүтте болдырмауы үшін тез арада суыту қажет. Бұл бактерицидтік фазаның уақытын созуға, сүт өндіретін мекемеге сүтті тасымалдауға уақыт жеткілікті мүмкіндік береді.

2. *Сүт микрофлорасының термиялық өңдеуде өзгеруі (стерилизациялау, пастеризациялау). Пастерленген (ішуге арналған) сүттің сапасының микробиологиялық көрсеткіштері*

Сүтті жылумен өңдеу патогенді микрағзаларды толық жою және мүмкіндігінше патогенді емес микрофлораны аластату, сүт және сүт өнімдерінің сапасын бақылау.

Сүтті пастеризациялау – жылумен өңдеудің бір тәсілі температураның шамасы 100^0С төмен емес. Әдетте келесі пастерлеу режимдері қолданылады:

-температура 63-65^0С шамасында 30 минут уақыт (пастеризациялау ұзақ);

-температура 72-76^0С шамасында 20-30 секунд уақыт (пастеризациялау қысқа мерзімді);

-температура 85-95^0С шамасында бірнеше секунд (лезде пастеризациялау).

Сүтті пастеризациялғанда 98 дан 99,9% дейін вегетативті клетка қырылады. Пастеризация тиімді деп саналуы, егер қалдық микрофлора сандары 0,1% аспайтын микроағзалар саны алғашқы сүттегіден, ал бактериялар ішек таяқшасы тобы 10 $см^3$ сүтте пастеризациядан кейін болмауы. Жалпы саны бактериялар сүтте 1 $см^3$ жерде, пастеризаторда салқындатылған орыннан алынған сынамада, 10 мың. аспауы тиіс. Пастеризация тиімділігі бақылау декадада 1 реттен жиі емес жүргізіледі.

Қалдық микрофлора пастерленген сүтте бактериялар споралары туыстары Bacillus мен Clostridium және вегетативті клеткалар термотұрақты сүтқышқылды бактериялар, энтерококктар мен микрококктар кездеседі.

Ультрапастеризация (асептикалық пастеризация; англ. ultra-high temperature processing, қысқар. UHT) - пастеризациялау тәсілі (мақсаты

тағамдық сұйық өнімдерді ұзақ уақыт жарамды болуға термиялық өңдеу), бұл жерде сұйықты 1-2 секундта ысыту температураның 135-150 ^{0}С шамасына дейін көтеріп және артынша салқындату 4-5 ^{0}С дейін. Бұл кезде көптеген патогендер қырылады, Өнімді өңдеу жабық жүйеде жүргізіледі. Екі тәсіл қолданылады:

– ысыту құрылғысымен контакт температура шамасы 125-140 ^{0}С;

– стерильді бумен тікелей шарпу температура шамасы 135-140 ^{0}С.

Ультрапастеризацияға әдетте шикі сүт жіберіледі.Сүт мұндай өңдеуден кейін 6 айға дейін жарамды және одан да ұзақ, және де бөлме температурасында сақтала береді, салқындатпай. Өңдеу сүтте кальций және басқа да микроэлементтерге әсер етпейді, бірақ аздап фоли қышқылы, сонымен қатар аздап дәрумендер тобы - B_{12}, С, B_1 өзгереді. Ультрапастеризацияда (қарапайым тәсілмен пастеризациялаудан айырмасы) мүмкін түсі, иісі және дәмі сүт өнімдерінің сәл өзгеріске ұшырауы болады.

Пастерленген сүт өндірісін микробиологиялық бақылау технологиялық процесстердің өтуіне сәйкес айына 1 рет өткізеді. Пастеризациялауға дейінгі сүттен, пастеризациядан кейін, құю толтыру кезінде, сонымен қатар дайын өнімнен алынған сынаманы зерттейді (сиректігі 1 рет әр 5 күнде). Пастерленген сүт сапасының микробиологиялық көрсеткіштері мезофильды аэробты және факультативті-анаэробты микроағзалар санының (КМАФАнМ) және бактериялардың ішек таяқшасы тобының санының (ІТТБ) болуымен бағаланады. КМАФАнМ тағамның түріне байланысты шектік мөлшері 50 ден 200 мың КОЕ (колониятүзуші бірлік) 1 см^3 сүтте, ІТТБ болуы бұл көлемде рұқсат етілмейді.

Параллель осымен бірге жабдықтардың санитариялық-гигиеналық жағдайы тексеріледі. Әсіресе маңызды назар сүтті сақтайтын жабдықтардың сапасы мен жуылуы және құю толтыру автоматтары тексеріледі.

Сүтті стерилизациялау – сүтті термиялық өңдеу температураның жоғары 100 ^{0}С шамасы вегетативті клеткалар және көптеген бактериялар споралары жою. Стерильденген сүт өндірістік стерильділік талаптарына сәйкес болуы яғни. Онда патогенді және токсикалық микроағзалар, сонымен қатар микроағзалар – бүлдіретін қоздырғыштар болмауы тиіс. Сондықтан стерильденген сүт шикізаты жоғары сапалы, оларда бактериялар споралары жоқ немесе шамадан аспауы тиіс 100 КОЕ в 1 см^3 шикі сүтке шаққанда. Стерильденген сүтте бактериялар споралары болуы рұқсат етілмейді, көбеймейді және сақтау кезінде барлық уақытта өнімде өзгерістерді болдырмайды.

Сүтті стерильдеудің 3 тәсілі бар:

– пастеризациялау 75 ^{0}С → стерилизациялау 135-140 ^{0}С тізбекте → салқындату 70 ^{0}С дейін → шыны ыдысқа құю → стерилизациялау 116 - 120 ^{0}С;

– стерилизациялау тізбек бойында 140 ^{0}С → салқындату → асептикалық стерильді пакеттерге құю;

– пастеризациялау 80 ^{0}С → стерилизациялау тізбек бойында 140^{0}С асептикалық стерильді пакеттерге құю.

Заманауи тәсіл және кең таралған стерилизацияланған сүт өндірісі сүтті тізбек бойында бір реттік стерилизациялау соңынан ыдысқа құю болып табылады.

Стерилизацияланған сүт өндірісін микробиологиялық бақылау

Аптасына жиі емес 2-3 рет жүргізіледі. Алынған сынамалар өндірістік стерильділік талаптарына сай болуы тиіс. Өндірістік стерильділік анықтау үшін үлгілерді *стерилизацияланған сүтті* термостатта 37^{0}С шамаасында 3 тәулікке қояды. Термостатты сақтаудан соң үлгіні көзбен бақылап сынайды. Егер ісініп кеткен құтылар болса немесе сүттің сыртқы түсі өзгерген болса (шөккен, жапырақшаланған, сыворотка шөккен және б.) бума өндірістік стерильділік талаптарға сай емес. Бума дефектілері сыртында жоқ болса, ашып, ал өнімді органолептикалық сараптайды. Өнім өндірістік стерильді дәмі мен консистенциясында өзгешіліктер болмаса, талаптарға сай деп есептеледі.

3. Сүттің бұзылуларының түрлері

Консистенцияның бұзылуы:

– мезгілсіз ірудің қышқылдылығы артпай ақ болуы мезофильды шіріткіш бактерияладың түрі Bacillus subtilis, термофильды бацилл B.circulans және B.coagulans шақырады. Бұзылу тағыда термотұрақты ферменттер психрофильды бактериялар мен микрококктар арқылы, шикі сүтте бар болғандықтан ұзақ уақыт төмен температурада сақтағанда пайда болады.

– Сүтттің қышқылды іруі ыдысты тығыз бекітпеген жағдайда, сонымен қатар термиялық өңдеудің тәртібін бұзған кезде пайда болады. термотұрақты және де басқа сүтқышқылды бактериялар сақтау кезінде қалыпты жағдайда сақтау кезінде пайда болады.

– Ауыр сүт. Бұл бұзылу қышқылдылығы артпай ақ және де артқанда болуы. Бірінші жағдайда бұзылу қоздығышы ауыр сүт таяқшасы Bacterium lactis viscosum шақырады, ал екінші жағдайда – сүтқышқылды бактериялар, ашытқан кезде сілекейленуі. Бұзылу себептері тығыз жабылмаған және жылумен өңдеу режимі бұзылғаннан болады.

Дәмнің бұзылуы:

– Сүтте шіріткіш бактерияларыдың көбейіп кетуі күйік дәмін шығарады, олар ақуыздарды ірітіп пептонға айналдырады. Күйік дәмі сүт консистенциясы өзгермей ақ, ондағы көбейіп кеткен Bacillus stearothermophilus және басқада термофильді бациллдер нәтижесінде пайда болады. Күйік дәм консистенциясы өзгермей ақ Bacillus subtilis, пайда болған B.circulans және B.coagulans нәтижесінде болады.

– Күйік дәм пайда болған анаэробты споратүзуші бактерия туысы Cloctridium (майқышқылды) бактериялар нәтижесінде болады. Күйік дәм

сонымен қатар сүтте флуоресцирлік бактериялар нәтижесінде, олардың майды тотықтыратын альдегидтер мен кетондар түзуінен де болады.

– Бөтен дәм мен иіс сүтте ішек таяқшаларының және флуоресцирлік бактериялардың көбейіп, олардың ақуыздар мен әр түрлі өткір иісті ұшқыш заттар түзуі нәтижесінде пайда болады.

Түстің бұзылуы:

– *түстің бұзылуы* сүтте психрофильды бактериялардың туысы Pseudomonas түзілуі нәтижесінде пайда болады. Қызыл түс сүтте сиқырлы таяқшаның көбейуі нәтижесінде пайда болады.

Аралас бұзылулар сипаты:

– сүттің быжылдап ашуы. Күшті газ түзілуімен сипатталады, бөтен дәм пайда болады. Бұл бұзулар пастерленген сүтте газтүзетін анаэробты клостридии түзілуінен, ал шикі сүтте – ішек таяқшасы бактерияларының және ашытқылардың пайда болуы.

Бақылау сұрақтары:

1. Шикі сүттегі сүт микрофлорасын сипаттаңдар.
2. Шикі сүтке, ішетін сүтке өңделетін жағдайда қандай талаптар қойылады?
3. Сүт микрофлорасының сандық және сапалық көрсеткіштері сақтау мерзімінде қалай өзгереді?
4. Аралас фазаның микрофлорасының шикі сүтті сақтағанда өзгеріске ұшырауы.
5. Сүттің термиялық өңдеу қандай мақсатпен жүргізіледі?
6. Қандай мақсатпен сүтті салқындату жүргізіледі?
7. Пастеризация және стерилизация дегеніміз не? Сүтті жылумен өңдеу тәсілдерінің ерекшеліктері қандай?
8. Қандай микроағзалар пастеризациялау режиміне өміршең?
9. Қандай Мем СТ талаптарына пастерленген сүт сәйкес болуы шарт?
10. Пастерленген сүт өндірісін қалай бақылайды?

Тақырып 6.2. Патогенді, шартты-патогенді, санитарлық-көрсеткішті микроағзалар

1. Патогенді микроағзалар –инфекция қоздырғыштары. Микроб токсиндерінің химиялық құрамы және қасиеттері
2. Шартты-патогенді микроағзалар –токсикоинфекциялық тамақтың қоздырғыштары. Тамақ интоксикациясы (токсикоздар)
3. Сүт өнімдерін микробиологиялық бақылау

Патогенді микроағзалар –инфекция қоздырғыштары. Микроб токсиндерінің химиялық құрамы және қасиеттері

Инфекциялық аурулардың қоздырғыштары патогенді микроағзалар болып табылады. Микроб токсиндерінің химиялық құрамы және қасиеттері.

Негізгі патогенді микробтардың қасиеттері болып:

Патогенділік – микроағзалардың потенциальды қабілеттері макроағзада бірлескен өміршеңдігі болып табылады, ол жерде дамып және белгілі ауру түрін шақырады. Патогенділік ауру тудыратын микроағзалардың нағыз сипаты. Патогенді микроағзалардағы кейбір патогенді штаммдарды сынау және салыстыру үшін қолданылатын түсінік «вируленттік» - ауру тудыру деңгейі болып саналады. Вируленттілік патогенді микроағзалардағы тұрақты көрсеткіш болып тұрмайды және сыртқы қоршаған ортаның факторлары әсерінен артып кетуі, не бәсеңдеуі және тоқтауы мүмкін.

Токсигенділік – патогенді микроағзалардың қасиеттері микроб уын түзуі (токсиндер). Токсиндер патогенді микроағзалардың ауру тудыруына себепкер.

Барлық патогенді микроағзалар хемоорганогетеротрофарға жатады, олардың көміртегі мен азот қажеттілігіне органикалық қосылыстардағы тірі клеткалар (паразиттер) қолданады. Сүт өнімдерінде олар дамымайды, бірақ ұзақ уақыт өзінің өміршеңдігін сақтап қалады.

Микробтық токсиндерінің химиялық құрамы мен қасиеттері

Ауру тудыратын микроағзалар эндо- және экзотоксиндер, химиялық табиғатымен және макроағзаларға әсер етуімен ерекшеледі.

Эндотоксиндер (ішкі токсиндер) микробтар клеткасымен тығыз байланысты және ортаға микроағзалар өлгеннен соң бөлінеді. Эндотоксиндер грамо теріс бактериялар түзеді. Клетка қабатының химиялық табиғаты липополисахаридті комплексті құрамды. Ағзаға әсері бойынша эндотоксиндер қатал спецификалық ерекшелігі жоқ және ағзаның жалпы интоксикациясын шақырады: бас ауруы, температураның көтерілуі, әлсіздік, ауа жетпеуі, құсу, іш өтуі. Эндотоксиндер жоғары температура әсеріне тұрақты: ұзақ уақыт қайнатуды және 30 мин. бойы автоклавтауға төзімді. Экзотоксиндер (іштегі токсиндер) микроағзалардың сыртқы қоршаған ортадан олардың тіршілігі нәтижесінде бөлінеді. Химиялық табиғаты бойынша ақуыздар, ағзаға қатал спецификалық әсері бар: тек кейбір жеке клеткалар мен ткандерге (нерв клеткасы, жүрек бұлшықтарына және б.). Жойылуы 60-80^{0}С шамада 10-60 минут аралығында.

Тағамдық инфекциялар

Инфекциялық аурулар, олардың өтуі патогенді қоздырғыштардың макроағзалардың санына ғана емес және микробтардың биологиялық қасиеттеріне байланысты, шешуші макроағзалардың жұғысуға тұрақтылығы мен қарсы тұруына, олардағы иммунитеттің жәй күйіне қатысты.

Иммунитет – бұл қорғану жүйесі, яғни факторлар мен механизмдердің, макроағзалардың қоршаған ортасының генетикалық тұрақтылығын сақтауға бағытталуы.

Инфекциялардың ошағы ауру және ауырған адамдар мен жануарлар, қоршаған ортаға ауру тудыратын микробтар бөлетін болып табылады. Инфекциялық ауру қоздырғыштардың таралуының екі негізгі тәсілі бар: инфекция ошағынан тікелей жұққан және тікелей емес тасымалдаушылар арқылы жұқтыру. Жұқтыру мерзімі жұқтырудан кейін аурудың алғашқы симптомдары(көрсеткіштер) пайда бола бастаған мерзімді инкубациялық кезең деп атайды. Тікелей емес жұғысуда қоздырғыш макроағзаға тамақ және су арқылы түседі. Бұл инфекциялар алименталы немесе тамақтық деп аталады. Тамақ инфекциялары өз кезегінде ішек инфекциялары және зооантропонозалар болып бөлінеді.

Ішек инфекциялары

Холера – өте қауіпті ішек инфекциясы, қоздырғыштары холераның вибрионы (Vibrio cholerae) болып табылады, қозғалмалы, спора және капсула түзбейді, грам оң. Холера вибрионы – факультативті анаэроб, сілті немесе бейтарап ортада 14-42^{0}С (оптимумы 25-37^{0}С) өседі. Ысытқанда 80^{0}С шамада 5 мин өткенде, ал 100^{0}С шамада – сол сәтте қырылады. Қоздырғыштары ультракүлгін сәулелер әсеріне сезімтал, қышқылдарға, кептіруге. Төмен температурада жақсы сақталады. Ас тағамдарында өміршеңдігі 10-15 тәулікке дейін, топырақта – 2 ай, суда – бірнеше тәулікке дейін. Экзотоксин (холероген), өнімдері эндотоксин және көптеген патогенндік ферменттер. Инкубациялық кезеңі бірнеше сағаттан 2-3 тәулікке дейін. Аурудың ауыртпалығы әртүрлі; өте ауыр инфекция формасы өлімге соқтырады.

Сүзек және паратифтер – қоздырғыштары туыстар Salmonella болып табылады. Бұл микроағзалар грам теріс таяқша түрі, спора түзбейді, факультативті анаэробты. Олар 15-41^{0}С шамасында, бірақ оптималь температура 37^{0}С болып табылады. Сальмонеллалар өте күшті әсер ететін термотұрақты эндотоксин түзеді. Табиғатта олар (суда, топырақта), тамақ өнімдерінде ұзақ уақыт сақталады (мысалы, сары майда, сырда – екі аптаға дейін). Инкубациялық кезеңі 10-14 күн созылады. Аурумен ауырған көп жағдайда созылмалы бактерия тасымалдағыш етеді.

Бактериальды дизентерия биологиялық бактериялардың ұқсас түрлерінде, біріккен туыстар Shigella кездеседі. Кең таратқан қоздырғыштары Зонне и Флекснер түрлері болып табылады. Бұл грам теріс қозғалмайтын таяқшалар, спора түзбейді. Шигеллдер күрделі эндотоксин түзеді. Инкубациялық кезеңі от 2 до 7 күнге созылады. Тамақ өнімдерінде 10-20 күн сақталады. Зонне таяқшасы сүт өнімдерінде (қаймақ,сүзбе) жоғары температурада дамуына қабілетті.Тамаққа мұндай өнімдерді пайдалану ауру баяу әр қалай, тамақтан улану токсикоинфекция түріне ұқсас өтеді.

Патогенді бактериальды ішек инфекциясының болдырмаудың профилактикалық алдын алу іс шаралары, сүт өндірісіндегі қызметкерлердің қатаң өндірістік санитарлық-гигиеникалық тәртіптері және жеке бас гигиенасы, бактерия тасымалдаушыларды анықтау, шыбындармен күресу болып табылады.

Зооантропоноздар – тағамдық инфекциялар, адамға ауырған жануарлардан алынған өнімдер арқылы жұғады. Жұқпалы сүт және сүт өнімдері арқылы келесі зооантропонозды инфекциялар тарайды:

Бруцеллез – ауруы, тек ірі қара мал, және де шошқада да, кеміргіштер және басқа жануарларды ауруға шалдықтырады. Бактериялық қоздырғыштар туыстар Brucella. Бұл майда, қозғалмайтын кокко тәріздес бактериялар, грам теріс, спора түзбейді, аэробтар. Эндотоксині бар. Сыртқы шектік өсуі 6-45^{0}С, температура оптимуы – 37^{0}С. Ысытудың 60-65^{0}С шамасында бактериялар 20-30 минуттан кейін қырылады, қайнатқанда – бірнеше секундтан кейін. Бруцеллалар жоғары өміршеңдігімен сипатталады: сүт өнімдерінде (брынзада, сыр, майда) олар бірнеше ай сақталады. Инкубациялық кезеңі –1-3 апта және онанда көп. Сүтті осындай инфекцияның ошағынан алынса жоғары температурада пастеризациялайды (70^{0}С шамада 30 минут кезең), қайнату 5 минут уақыт немесе стерилзациялайды.

Туберкулезді микобактериялар туыстар Mycobacterium шақырады, актиномицеттерге жатады. Клетка формасы құбылмалы: таяқшалар тік, тармақталған және иректелген. Аэробтар, қозғалмайды, спора түзбейді, бірақ микол қышқылы және липидтердің жоғары санына байланысты, қышқылдар әсеріне төзімді, сілті, спирт, кептіруге, ысытуға. Сүт өнімдерінде ұзақ қақыт сақталады (сырда –2 ай, майда – 3 айға дейін). Күн сәулесінің әсеріне, ультракүлгін сәулелерге, жоғары температураға: 70^{0}С шамада 10 минутта қырылады, 100^{0}С та – 10 секунд кейін. Туберкулезді басқа инфекциядан ұзақ инкубациялық кезеңмен – бірнеше аптадан бірнеше жылға дейін ерекшеленеді. Инфекцияны болдырмаудың алдын алу үшін ауру малдың сүтін қолдануға рұқсат етпеу.

Аусыл – өткір жұқпалы ауру ірі қара мал, қой, шошқада, қоздырғышы-майда, РНк-құрамды вирус, майда 25 күнге дейін сақталады. Ысытуға сезімтал (70^{0}С шамасында 15 минут уақыт, ал 100^{0}С сол сәтте қырылады), формалинде және сітіде. Аурудың инкубациялық кезеңі 2 күннен 18 күнге дейін. Ауру ауыз қуысында іріңдеген көпіршіктердің пайда болып, соңынан жарылып және ауыратын жаралар пайда болады. Аусылмен ауырған малдардан сауылған сүт жылумен 80^{0}С өңделіп 30 минут уақыт немесе 5 минут қайнатады.

Алдын алу зооантропонозаларға ветеринариялық-санитарлық бақылауды жүйелі малдарға, сүтті пастерлеуге, шикізатқа және дайын өнімге микробиологиялық бақылау жүргізу.

Шартты- патогенді микроағзалар – тамақ қоздырғышы токсикоинфекциялар. Тамақ интоксикациялары

Шартты - патогенді микроағзаларды деп, қоршаған ортада үнемі мекендейтін (олардың көбі адам мен жануарлардың ішектерінде тұрақты мекендейді), қалыпты жағдайда ауру шақырмауын атайды. Бірақ иммунитет төмендесе олардың кейбір микроағзалары клетка мен тканьдерде шоғырланып жұқпайтын, асқынатын сипаттағы аурулар шақырады. Бұл микроағзаларды біріктіретін сипаты, ас тағамдарында көбейеді және тамақ

улануларын шақырады. Сонымен, патогенді және шартты--патогенді микроағзалардың жалпы қасиеті токсиндер түзуі.

Екі тамақтық улану бар – тамақ токсикоинфекциясы және тамақ интоксикациясы (токсикоздар).

Тамақ токсикоинфекциясы – улану, көптеген тірі токсигенді бактериялардың жинақталған тамақты ішкеннен пайда болады. токсикоинфекцияның қоздырғышы эндотоксиндер түзеді, клеткамен тығыз байланысқан, кейбірі микроағзаның тіршілігінде қоршаған ортаға таралмайды. Токискоинфекцияның пайда болу жағдайына ас тағамдарында қоздырғыштардың көп шоғырлануы (105-107 клеток г да). Токсикоинфекция ішек аурулары түрлері сияқты қысқа инкубациялық кезеңді (1-3 тәулік). Көптеген токсикоинфекцияның қоздырғышы спецификалық емес улы заттарды түзеді – мускарин, гистамин, кадаверин, путресцин және б. өткір ішек ауруларын шақырады.

Токсикоинфекцияның қоздырғышы: *протея таяқшасы* – бактериялар туысы Proteus тұқымдасы Enterobac-teriaceae (Proteus vulgaris, Proteus mirabilis). Бұл майда грам теріс таяқша, өте қоғалмалы, споралар түзбейді, даму оптимумы – 37^0С, факультативті анаэроб, энтеротоксиндер түзеді (ішек уы).

Энтеропатогеннді ішек таяқшалары тұқымдастар Enterobacteriaceae, туысы Escherichia, түрі E. Coli. Бұл топтың бактериялар адамның және адамның ағзасында пайдалы функциялар орындайды. Сонымен қатар энтеропатогенді штаммдар ішек таяқшасы, аса өткір ішек ауруларын шақырады.

Олардың ерекшелігі, термотұрақты эндотоксиндер түзеді. Бұлар майда, қозғалмалы, грам теріс таяқшалы, спора түзбейді, өсетін оптималь температур 30-37^0С, температура шегінде 5 тен 45^0С та. Ысытқанда 60^0С шамада қоздырғыштар 15-20 минутта, ал t 75^0С – 4-5 минут уақытта қырылады. Сүт өнімдеріне энтеропатоген ішек таяқшалары ауру адамдар мен бактерия тасымалдаушылардан тарайды.

Бациллалар цереус (Bacillus cereus) – қозғалмалы спора түзуші аяқшалары, грам оң, аэробты. Қоздырғыштары табиғатта кең таралған, топырақта үнемі мекендейді, өсудің оптималь температурасы – 30-32^0С, минимальды – 5-10^0С. Споралар Bacillus термотұрақты және тағамда консервілерді стерилизациялаудан кейін де кездеседі. Bacillus cereus энтеротоксин және у басқа да биологиялық белсенді заттар шығарады. Улану ақуыздардың ыдырап диамин түзуі арқылы туындайды. Клостридиялар перфрингенс (Clostridium perfringens) – ірі грам оң спора түзуші таяқша, облигатты анаэробтар. Өсу оптимальды температурасы 37-43^0С (сыртқы шектері – 6-50^0С). Дамымайтын орта рН 3,5-4,0 және одан төмендеу және ас тұзы 10-12%. Спора ысытуға тұрақты.

Токсикоинфекцияны патогенді микроағзалар – сальмонеллалар тудырады. Одан басқа, отандық және шет елдің әдебиеттерінде кейбір бактериялардың ролі берілген туысы Citrobacter, Iersinia, Listeria, Klebsiella,

Aeromonas, Pseudomonas және басқа грам теріс бактериялар тамақ токсикоинфекцияларын тудырады.

Тамақ интоксикациясы (токсикоздар) – улану, экзотоксинді микроағзалары бар тамақ ішкеннен болады. Мұнда тірі микроағзалар тамақта болмауы да мүмкін. Интоксикация табиғаты бактериальды және саңырауқұлақты. Интоксикациялық инкубациялық кезеңі қысқа (әдетте 3-6 сағат).

Бактериальды интоксикацияға жататындар: стафилококкты интоксикация бактерияалар тұқымдасы Micrococcaceae, түрі Staphylococcus aureus (алтын стафилококк) Бұл грамм оң кокктар, топталып орналасады, жүзім сағағын еске түсіреді.

Факультативті анаэробтар. Өркендеу диапазоны және токсин түзілуі 6 дан 45^0С аралығында, оптимальды температура – 37^0С өседі. Энтеротоксин А шығарады, ысытуға шыдамды (қайнау температурасында 2 сағат өткенде жойылады, ал стерилизациялауда – 30 минут қырылады). сүт өнімдеріне өтуінің ошағы малдардың маститпен, және де адамдардың, іріңді тері ауруларымен жұқтыруы. Бөлме температурасында стафилококктар сүтте пайда болуы 6-10 сағатта.

Ботулизм –токсин Clostridium botulinum тамақтан ауыр түрде улану. Бұл ірі, қозғалмалы грам оң таяқша, субтерминаль орналасқан споралар түзетін, таяқша енінен асып кететін, олардың формасы теннис ракетка тәріздес етеді. Қатаң анаэробты, өркендеу оптимальды температура – 30-37^0С. Токсин, pH төмен 4,0 болғанда, 5^0С температурадан төмен және де ас тұзының 6-10% асқанда (температураға байланысты) дамымайды және бөлмейді. Споралар өте термотұрақты, тоңазытылған ас тағамдарында бірнеше ай сақталады. Ботулизм клостридииі экзотоксин (нейротоксин) бөледі –барлық микробтар мен химиялық улармен салыстырмалы өте күшті. Сондықтан ботулизмнен өліп кету өте жоғары және алдын ала антиботулин сывороткасын егу аурудың залалын жеңілдетуге ықпал етеді.

Бактериальды интоксикацияның ерекшелігі, қоздырғыштың тағамда көбейуінен оның органолептикалық қасиеттері өзгермейді.

Тамақ интоксикациясы саңырауқұлақты табиғатты (микотоксикозалар) саңырауқұлақтардың дамуымен, микотоксиндер түзеді. Бұл саңырауқұлақтар туысы Fusarium, Aspergillus, Penicillium және б.

Тамақтан уланудың алдын алу микроағзаларымен жұғысуын болдырмайтындай, тәртіптерді орындау: сүт өндіру өндірістерінде санитарлық-гигиеникалық режимдерді қатаң сақтау, өңделетін шикізаттардың, жартылай фабрикаттар және дайын өнімдердің, шикі сүтті сақтауда технологиялық режимдерді орындау, сүтті пастерлеуде, сүт өнімдерінің сақтау жағдайының, тасымалдау мен босату кезінде қолайлы болуы, пастерленген сүтпен шикі сүттің араласпауын; кеміргіштермен, шыбындармен күресу; қызметкерлердің жүйелі медициналық тексеруден өтуі; жүйелі микробиологиялық бақылауды бекітілген сызбамен жүргізу.

Сүт өнімдерінің сапасын микробиологиялық бақылау

Сүт өнімдерінің сапасы комплексті органолептикалық, физико-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштермен шектік құжаттардағы талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Сүт өнімдерінің маңызды сипаттамалары олардың қауіпсіздігі мен микробиологиялық тұрақтылығы болып саналады. Сүт өнімдерінің сапасын сандық және сапалық микробиологиялық көрсеткіштермен бағалайды. Сандық көрсеткіштер микроағзалардың қандай да болсын түрлерінің өнімде 1 г немесе 1 $см^3$ бар болуының жалпы санын береді. сапалық көрсеткіштері микробтардың өнімде анық болмауы (не болуы) түр сипаты немесе топтары массада айқын көрінуі.

Өнімдердің санитарлық жағдайының микробиологиялық көрсеткіштері

Эпидемиологиялық қауіпсіздігін айқындау үшін анықталады. Сүт өнімдерінде патогенді микроағзаларды тікелей анықтау қиынға соғады мұндағы микроағзалардың санының сапрофитті микрофлоралармен салыстырмалы түрде аз болуы. Сондықтан, сүт өнімдерін санитариялық бағалауда жанама тәсілдер, адамның шығаратын заттарымен ластану деңгейі (фекальды ластану деңгейі) анықталады. Бұл деңгей неғұрлым жоғары болса, соғұрлым зерттелетін обьектіге түсетін патогенді микроағзалардың - инфекциялық ішек таяқшалардың бар екендігі нақтыланады. Бұл тәсілдерге сандық тәсіл мезофильді аэробты және факультативті-анаэробты микроағзалар (КМАФАнМ) және сапалық тәсіл санитариялық-көрсеткіштік микроағзалар – бактериялар тобы ішек таяқшалары (ІТТБ) анықтау жатады.

КМАФАнМ анықтау сүт өнімдерінде сүтті пастеризациялау режимінің сенімділігін, жабдықтардың жуудың және дезинфекциялаудың тиімділігі, өндірістің санитарлық-гигиеналық жағдайларының және қызметкерлердің жеке бас гигиенасының тәртіптері, сақтау жағдайының жәйі, дайын өнімдерді тасымалдауды дұрыстығын ықпал етеді. Сондықтан бұл көрсеткіш барлық сүт өнімдерінде шектеледі, кей өнімдерден басқа, техникалық пайдалы микрофлора бар өнімдер дайындалатын (закваска микрофлорасы) – қышқыл өнімдер,сыр өндіру,қышқыл сары май және б.

Санитарлық-көрсеткішті микроағзалар деп микроағзалардың, келесі талаптарына сәйкес келуін атайды:

- бұл микроағзалар адамның және жануарлардың ағзаларында мекендеуі, дамуы және көбейуі керек;
- қоршаған ортаға көп мөлшерде бөлінуі;
- қоршаған ортада олар сақталады, бірақ көбеймеу керек;
- қоршаған ортаның факторлары әсерінен өзгеріске ұшырамауы, басқа микроағзалармен жойылуы немесе еселенуі жүруі;
- сыртқы ортаның зерттелетін аумақтарында теңдей таралуы;
- қарапайым тәсілдермен анықталуы қажет.

Сүтті зерттегенде санитарлық-көрсеткіштік микроағзалардың бірде бір тобы жоғарыда көрсеткен талаптарға сәйкес келмейді, себебі барлық адамның және жануарлардың ішегінде мекендейтіндер сүтте көбейе алады, закваска

микроағзаларымен жаншылады және өздерінің биологиялық қасиеттерін өзгертеді. Сондай ақ, санитарлық-көрсеткіштері микроағзалар тамақ өнімдерінде біздің елде бактериялардың ішек таяқшасын тобын алған, келесі тұқымдастар туысытары Enterobacteriaceae: Escherichia, Enterobacter, Citrobacter, Klebsiella, Serratia. Адамның және жылубөлгіш жануарлардың ішектерінде қалыпты мекендейді. Бұл майда грам теріс спорасыз таяқшалар, көміртегіні газ түзіп ашыту қабілеті бар. Факультативті анаэробты. Оптимальды температура –37^{0}С дамиды. Шынайы (фекальды таяқша) ішек таяқшасы Escherichia coli фекальды ластанудың жаңа көрсеткіші саналады және басқа топтардың айырмашылығы көміртегіні жоғары температурада – 42-44^{0}С ашытын қабілеті бар. Көптеген сүт өнімдерінде өнімнің шектік саны, ІТТБ рұқсат етілмейді. ІТТБ анықтау обьектінің санитарлық жағдайы төмен екенін көрсетеді және оларда ішек инфекциялары қоздырғыштары барын білдіреді.

Кейбір сүт өнімдерінде алтын стафилакокктың (Staphylococcus aureus) болуының шектік деңгейі бар, себебі тамақ иинтоксикациясының қоздырғыштары болжамды: бұл өнімдерге сүзбе, сыр жатады. Барлық дерлік сүт өнімдерінде 25г патогенді микроағзалар болуы рұқсат етілмейді, оның ішінде және сальмонеллаларды.

«Микробиологиялық тұрақтылық» анықтамасы потенциальды өнімнің бұзылмай сақталуы мүмкіндігі. Өнімнің микробиологиялық тұрақтылық көрсеткіштері тобына екі көрсеткіш жатады: микроскопиялық саңырауқұлақтардың санын анықтау және ашытқылардың құрамының болуын анықтау. Бұл микроағзалар кең температура диапазонында дамуға қабілетті және сүт өнімдерінің ұзақ сақтау кезінде бұзылуы себептерін тудырады. Сондықтан бұл көрсеткіштер міндетті түрде сақтаудың жарамдылық мерзімін нақтылауға және сүт өнімдерінің жаңа түрін сақтау режимін анықтауда және өсімдік текті өнімдермен қоспасы бар барлық сүт өнімдерінің сапасын бағалау.

Бақылау сұрақтары:

1. Патогенді деп нені айтамыз, патогенділік деңгейін анықтау тәсілі?
2. Қандай ауруларды патогенді микроағзалар тудырады?
3. Токсигенді дегеніміз не, қандай токсиндер патогенді микроағзалар тудырады? Микробтар токсиндерінің қасиеттері қандай?
4. Патогенді микроағзалар паразиттер болып саналады. Түсінік бер?
5. Тамақ инфекциялары қандай топтарға бөлінеді?
6. Ішек инфекциялары қоздырғыштарының таныс түрлері ата және олардың морфологиялық және физиологиялық қасиеттерін ата.
7. Зооантропонозалар дегеніміз не? Зооантропонозалық инфекциялардың сүт және сүт өнімдері арқылы қалай беріледі?
8. Тамақ инфекцияларының болдырмаудың алдын алудың қандай іс шаралары бар?
9. Қандай микроағзалар шартты-патогенді деп аталады?
10. Тамақ токсикоинфекциясы және интоксикациясына түсінік бер және осы улануларды қоздырғыштарын ата.

7 Тарау. Закваскалар

Тақырып 7.1. Закваскалар микробиологиясы

1. Сүт қышқылды бактериялардың таза культурасын алу және қышқыл сүт өнімдерін дайындауға закваска түрлерін құрастыру
2. Сүт өндірісінде қолданылатын закваска және бактериальды концентраттардың мінездемелері
3. Сүт өндірісінде зертханалық және өндірістік закваскаы дайындау стадиялары. Закваскаы бақылау.

Сүт қышқылды бактериялардың таза культурасын алу және қышқыл сүт өнімдерін дайындауға закваска түрлерін құрастыру

Сүт қышқылды бактериялардың таза культурасын ғылыми-зерттеу институттарында арнайы жабдықталған зертханада алады.

Сүт қышқылды бактериялардың алудың негізгі этаптары:

Табиғи мекендейтін орындар селекциясы

Ерекше маңызды орын селекция (іріктеу) сүт қышқылды бактериялардың жергілікті штаммдары, яғни, штаммдардың, географиялық қолдану диапазонының сәйкестігі. Бұл штаммдар сүтте жақсы бейімделеді, егер сол жергілікті жерден алынған болса.

Қанықтыру (жинақ культуралар алу)

үлгілер, әр түрлі шықан жерден, сүт қышқылды бактериялармен 2-3 реттен пассерлеу (қайта себу) стерильді майсыз сүтте қанықтыру.

Таза культура алу

Жинақ культуралар сүт қышқылды бактерияларды қайта себу қатты қоректік ортада араластырып егу (мысалы, агар гидролизденген сүтте) Петри құтысында және культуралау белгілі температурада жүргізу. Егуге сондай есеппен алады, салынған құтыда өсетіндері көп болмауы 20-30 бөлектелген колониялар түзілуі.

Дифференциация және идентификация

Белгіленген сүт қышқылды бактериялар микроскопиялық суреттерімен сипатталады, басының белсенді бірігуі (сүтте белсенді бірігуі) және органолептикалық көрсеткіштерімен. Алынған штаммдар сондай ақ резистенттілігі зерттеледі (антибиотиктерге тұрақтылығы), бактериофагтарға тұрақтылығы тексеріледі. Жарамсыз штаммдар тасталады.

Белгілердің тұрақтылығын тексеру

Сүт қышқылды бактериялардың штаммдары, табиғи көздерден алынғандары, стерильді майсыз сүтте сапырылыстырғанда түрлі тұрақтылықты байқатады. Бағалы штаммдар, ұзақ уақыт биохимиялық белсенділігін сақтайды.

Сүт қышқылды бактериялардың штаммдарынан таңдалған таза культура коллекциялау

Таза культураларды сақтау салалық ғылыми-зерттеу институттарында мұражайда таза культура коллекцияланады.

Сүт қышқылды бактериялардың, өндірістік-бағалы қасиеттерімен, табиғи көздерде сирек кездеседі.

Сүтті ашыту процессін интенсивтеу үшін сүт қышқылды бактериялардың жоғары биохимиялық белсенділерін қолданады.

Осындай штаммдар алу мутагенді факторлармен атқарылады (ультракүлгін, гамма- и рентген сәулелері, химиялық заттар – нитрозоқосылыстары, формальдегидтер, этиленаминдер және б.).

Закваскалар – таза культуралар немесе сүт қышқылды бактериялардың аралас таза культуралары, жоғары сапалы қышқыл сүт өнімдерін алу үшін сүтке қосу.

Қышқыл сүт өнімдер өндірісі әдетте закваскалар қолданады, әр түрлі штаммдардан тұратын, көбінде олар әр түрлі микроағзалар түрлері мен туыстарынан қолданылады. Бұл қоршаған ортаның қолайсыз жағдайына тұрақты, закваска алуға мүмкіндік береді.

Закваска алуға культуралар таңдауда қажет факторларды ескеру:

- өнімнің спецификалық қасиеті, мысалы, өнімдердің, қою қойылтпадан сыворотканың (сүзбе) бөлінуі, культураны айыру, тығыз қойылтпалар түзгендері. Өнімге хош иіс беру үшін, закваскаға аромат түзуші стрептококкалар қосады;

- температуралық режимдері;

- сүт қышқылды бактериялардың өз ара байланысы. сүт қышқылды бактериялардың түрлері мен штаммдары сәйкес болуы тиіс, яғни антагонистік өз ара байланысы болмауы қажет;

- бактериофагтардың дамуы мүмкіндігі. Бактериофагтардың даму мүмкіндігін жою мақсатында культура таңдауда фагтардың спецификалық әсері мен культура таңдау сондай, болжамды закваскаларды бактериофагтармен жұқтыру, сүтті ашыту процессін баяулатпауы тиіс.

Әр түрлі закваска комбинацияларын алу қышқыл сүт өнімдерін өндірісінде арнайы зертханалық немесе зауыттардың бактериялық препараттар алумен айналысады, ол жақтан закваска тікелей сүт өндіру мекемелеріне жіберіледі.

Сүт өндірісінде қолданылатын закваска және бактериальды концентраттардың мінездемелері.

Зауыттарда және зертханаларда бактериальды препараттар алу өндірісінде құрғақ және сұйық бактериальды концентраттар шығарады, сондай ақ аналық закваскалар құрғақ және сұйық закваска түрде алынады.

Сұйық *закваскалар* стерильді сүтте жасалады. Сұйық *закваскалар* флакондарға 20, 50 и 100 см^3 салынады. Бұл заквасалардың бағалылығы олардың белсенді микрофлоралары болуы, бактериальды тазалығы. Кемшілігі – қысқа мерзімді жарамдылығы (3 аптаға дейін 4-6^{0}С және 5 күнге дейін бөлме температурасында). Бұндай закваскалар сүт өндірістерінде, жақын орналасқан бактериальды препараттар өндіретін зертханада

өндіріледі. Тірі клеткалар концентрациясы сұйық заквасканларда 107-108 клетка в 1 $см^3$ орында құрайды.

Құрғақ заквасканлар – қорғалған ортадағы ылғалсыз заквасканлар. Сұйық *заквасканлар* мөлшерінде 30% қорғалған ортада қосып – сулы ерітінді, сахароза құрамды (10%), цитрат натрий (5%), глутамат натрий (2,5%) және желатозалар (5%). Қоспаны араластырып, пенициллиннің флаконына салып 1 $см^3$ (бір порция), тоңазытып және сублимациялық жолмен кептіреді.

Құрғақ заквасканларды сақтау мерзімі ұзақ емес 8 айдан 3-8 ^{0}С температурада.

Сүт қышқылды бактериялардың саны 1 г *құрғақ заквасканлар* құрамы 107-108 клетка құрайды. Бөтен микроағзалардың болуы рұқсат етіледі (1-2 клетка 1 г заквасканда). ІТТБ болуы 1 г құрғақ заквасканда жіберілмейді. Кемшілігіне құрғақ заквасканда сүт қышқылды бактериялардың белсенділігінің төмендеуі және бөтен микрофлора болуы.

Құрғақ және сұйық бактериальды концентраттар культуралау жолымен таза культуралар сүт қышқылды бактериялардың арнайы сұйық қоректік ортада кезегінде клетканы культуралау сұйығынан бөліп алу. Ары қарай алынған концентратты қорғалған ортаға егеді, суытады, пенициллин флаконына құйып және құрғақ концентраттар алуға ылғалды сублимациалық кептіргіште өтеді. Қоректік орта ретінде сүт сыворотканарын жүгері экстрактын қосып (немесе аминоқышқылды-минеральды-дәрумені комплекстер), буфер тұздары (цитраттар немесе ацетат натрий) және өсіру стимуляторлары(марганец сульфаты, аскорбин қышқылы және б.). клетка концентрациясында сүт қышқылды бактериялардың *сұйық* концентраттары төмен емес 1,5х1011 1 $см^3$, құрғақ – төмен емес 1,5-3,0х1011 1 г. Сақтау мерзімі *сұйық* концентраттарда –8 ай температурада 3-8^{0}С, *сұйық* – 2 ай температурада.

Кейбір құрғақ заквасканлар бактериальды массадан (бактериальды концентраттан) қорғалған ортада алынады. Мұндай құрғақ заквасканлар микрофлора құрамы бойынша бірегей құрғақ *бактериальды концентрат және клеткалардағы бактерия санымен ерекшеленеді.* Олардың құрамында 100 есе кіші бактериальды клетка бар, бактериальды концентратпен салыстырғанда, бактериальды массаны қорғалған ортада көп еріткеннен болады.

Кефир саңырауқұлақтары

Кефир саңырауқұлақтарын *культуралар* жолымен майсызданған пастеризацияланған сүтте сүт өндірістерінде тікелей алады. Саңырауқұлақтардың өсуіне байланысты аптасына бір-екі рет культураланған заквасканнан бөліп алып, стерильді флакондарға салады, үстіне майсызданған сүтті немесе сыворотка құяды. Сақтау мезімі кефир саңырауқұлақтары – 10 күн 8-10^{0}С температурада.

Құрғақ кефир саңырауқұлақтары

табиғи (тірі) кефир саңырауқұлақтарын қоршалған ортада кептіріп, сүт сыворотканасынан (0,5%) қант қосып және аскорбин қышқылы (0,01%) жолмен алады.

культуралау *сұйықтықтан бөлінген* саңырауқұлақтарды қоршалған ортада салып ара қатынаста 1:20 және онда 5-6 сағат ұстап температура 20-22^{0}С ашытқылар өсіру үшін, кептіру мен тоңазытуға өте сезімтал. Бұдан соң саңырауқұлақтарды қоршалған ортада бөліп алып, стерильді лотоктарға қалыңдығы 8 мм, стериль марлымен жауып және кептіреді, тоңазытып сублимациялық тәсілмен кептіреді. Құрғақ кефир саңырауқұлақтары ыдысқа порциямен 10, 20, 50 және 100 г және де полиэтилен-целлофан пакеттерге бекітіп тығындайды. Сақтау мерзімі кефир саңырауқұлақтарында жоғары емес температурада 3 ай 80^{0}С.

Сүт өндірісінде зертханалық және өндірістік закваскаы дайындау стадиялары. Закваскаы бақылау.

Кәсіпорындарда өндірістік закваскаы таза культура бөлімінде микробиологиялық зертханада арнайы бокста дайындайды. Бұл бөлімдерде асептикалық жағдайды ұстану қажетті. Бір мезгілде дайын өнімдерді бақылау және егу жүргізуге болмайды, өндірістің жағдайын бақылау және закваска дайындау. Сақтау мерзімі өтіп кеткен закваска мен бактериальды концентраттарды қолдануға болмайды. Флакондарды закваскамен тек қолданар алдында ашу керек және флакон ішіндегі барлығын бүтіндей қолдану.

Закваска дайындаудың зертханалық стадиясы олардың белсенділігін арттыру үшін жасалады. Кәсіпорындарға түскен закваска әлсіз тасымалдау мен температура әсерінен. Сондықтан закваска белсенділігін қалпына келтіру үшін стерильді сүтте алдын ала культивациялау қажет. Тиімді закваска белсенділігін еккеннен соң екінші күні көрсетуі тиіс. Бұл жерде закваскаы культивациялау өсудің логарифмикалық фазаның соңында, себебі көптеген закваскаларда титрленген қышқылдылық 78-80 ^{0}Т жетеді.

Өндірістік закваскаы дайындау стадиялары

Өндірістік закваскаы дайындау режимі закваскаының түріне және өндірістің нақты жағдайына байланысты.

Өндірістік закваскаы дайындауға пастеризацияланған немесе стерильденген сүтті қолданады.

Өндірістік закваскаы көбінде ұзақ пастеризациялайтын ваннада (ВДП) немесе закваска жасағыш қондырғыда жасайды. Егудің зертханалық дозасы (аналық закваска) уақытқа байланысты есептейді, дайын закваска алу (0,5 дейін 1,0%). Ірі сүт кәсіпорындарында алғашқы (стерильді сүтті) және екінші өндірістік закваскаы дайындау.

Өндірісте қолданысқа жаңа дайындалған закваска дұрыс, себебі ол ерекше белсенділікті қабілетті. Қажетті жағдайда закваска t 3-10^{0}С суытылады және сақтауға жіберіледі. Өндірістік закваскаының сақтаудың ұзақтығы стерильді сүтте 72 сағатқа дейін, ал пастеризацияланғандары – 24 сағат.

Өнімдерді дайындау процессінде өндірістік закваскаы стерильді сүтте сүтке мөлшерде 1-3%, ал пастеризацияланған сүтте закваскаы– 3-5% қосады.

Өндірістік құрғақ кефир закваскалары құрамына кефир саңырауқұлақтары енеді, саңырауқұлақтар закваскаларын дайындау және олардан культуральды өндірістік кефир закваскалары алады. *Құрғақ кефир* саңырауқұлақтарын қалпына келтіруге майсыз пастерленген сүтті (ара қатынаста 1: 40-50) және t 19-21^{0}С шамасында 20-24 сағат мерзім қойытылғанша ұстайды. Сосын *кефир* саңырауқұлақтарын бөліп алып, жаңа пастерленген және салқындатылған сүтке (ара қатынаста 1: 30-50) араластырады. Толық белсенділікті қалпына келтіруге *құрғақ кефир* саңырауқұлақтар микрофлораларына 2-3 рет қайта егу қажет, бұл жерде саңырауқұлақтар массасы 5 есеге үлкейеді.

Саңырауқұлақтар закваскаларын алу үшін қалпына келтірілген саңырауқұлақтарды пастерленген және салқындатылған майсыз сүтке араластырады t 19-21 ^{0}С дейін (1 бөлік саңырауқұлақ 30-50 бөлік сүтте). Уақыт 15-18 сағаттан кейін заквасканы араластырады және 20-25 сағаттан соң араластырып болып саңырауқұлақтарды бөліп алады және қайтадан пастерленген және салқындатылған сүтке араластырады, ал алынған культуральды заквасканы кефир жасауға немесе өндірістік кефир закваскаларын алуға қолданады.

Ашытқылардың сапасына микробиологиялық бақылау

Зертханалық және өндірістік ашытқының сапасы стерильді сүтте белсенділігі бойыша бақылау жүргізіледі(қышқылдық шегі және сүттің ұйуы).

Оның төмендеуі болса ашытқының тазалығы боялған микроскопиялық препараттар бойынша микроскоппен қарағанда 10 нан төмен емес болуы. Өндірістік ашытқының сапасы пастерленген сүтте белсенділігі бойыша бақылау жүргізіледі, микроскопиялық препаратты, қышқылдылықты, ІТТБ болуы және ұйытқының органолептикалық қасиеттері. ІТТБ закваскада 10 см^3 орында жіберілмейді.

Кефир саңырауқұлақтарын және культуральды закваскалардың қышқылдылық, ІТТБ болуына және микроскопиялық препараттарға бақылау жүргізіледі. кефир культуральды закваскалары ІТТБ 3 см^3 орында рұқсат етілмейді.

Бақылау сұрақтары:

1. Таза культуралы сүт қышқылды бактерияларын табиғи ортадан алудың негізгі этапы.
2. Қандай мутагенді факторлар жоғары белсенді сүт қышқылды бактерияларының штаммдарына қолданады?
3. Қандай факторларды сүт қышқылды бактерияларының закваскаға культура таңдауға қолданады?
4. Сүт қышқылды бактериялардың құрғақ және сұйық закваскалары нені білдіреді, оларды қалай дайындайды?

5. Құрғақ және сұйық заквасканардың артықшылықтары мен кемшіліктері?

6. Бактериальды концентраттардан заквасканардың айырмашылығы қандай?

7. Құрғақ және сұйық заквасканардың және бактериальды концентраттардың сақтау ұзаққтығы қандай?

8. Құрғақ кефир саңырауқұлақтарын қалай алады?

9. Зертханалық (аналық) және өндірістік заквасканар сүт өнеркәсіптерінде қалай алынады?

10. Заквасканар сапасына бақылау қалай жүргізіледі?

8 Тарау. Қышқыл сүт өнімдерінің микробиологиясы

Тақырып 8.1. Қышқыл сүт өнімдері, олардың микрофлоралар құрамына сәйкес закваскалары

Құрамына қарай закваскалар микрофлоралары қышқыл сүт өнімдерінде 5 топқа бөлінеді:

Көп компонентті закваскаларды қолдану арқылы алынатын өнімдер

Шыны ыдыстарды стерилизациялауды ыстық бумен жүргізу негізгі тәсіл. Стерилизациялауды кептіру шкафында немесе Пастер пешінде температураның 160-180°С уақыт аралығында 1,5-2 сағ жүргізеді. Бұл кезде вегетативті клеткалар және олрдың споралары түзіледі.

Стерилизациялау алдында ыдыс жуылып және қағазбен оралуы ысытудың стерильділігі үшін жасалады. Микроағзалармен жұмыс үшін ерекше ыдыстар

қажет. Микробиологияда, үнемі Петри ыдысымен олардың ұқсас – кох және Виноград ыдыстары қолданылады. Пипеткалар стерилизациялауға дайындау: пипеткаға мақта тампондарын қояды және 4-5 см. ұзын қағаздармен орайды. Орауды соңынан , қай ортадан алса бастайды.

Ортадан оралғанда бірнеше пипеткаларды бірге немесе металл не картон пеналдарға салады. Петри ыдысын бөлек орау және дұрысы ірі жіппен байлап белгі қойады. Колбалар және пробиркаларды мақта тығындарымен бекітіп, мойын жиегі шаңданудан қорғалады. Ыдысты кептіргіш шкафтарға, ауа циркуляциясы өтуі үшін және стерильдеу материалын біркелкі ысыту үшін толтырып салмайды. Шкафты стерилизациялау соңында ашпайды, температура шамасы 70°С. төмендегенше. Себебі бірден салқындатуда материалдың стерильдігі жойылады, ал қатты ысытылған ыдыстар автоклавта сынып кетуі мүмкін. Микроағзаларды культуралау ыдысы; және де бұлардың приборларының деталдары резеңкелі тығындар және шлангалар автоклавта стерилизацияланады. Автоклавта стерилизацияланатын құралдарды, қағазға орайды. Термоқұбылмалы пластмассадан жасалған ыдыстар, мысалы центрфужды пробиркаларды күн сәулесімен бактерицидтік шаммен стерильдейді. Сәулеленуден кейін құралдарды стерильді ыдыста сақтайды.

Жұмысты орындау әдістемесі

1. Студенттерге автоклавты, кептіру шкафы, Кох қайнатқышы, тығын дайындау машинасын таныстырып көрсету, оқытушы олардың құрылысы мен жұмыс істеу принципімен таныстыру.
2. Петри ыдысының 2ін дайындау, колба, пробиркалар 2ін және пипеткаларды стерилизациялауға дайындау.
3. Пробиркалардың (100 мл.) 2ін ауыз сумен толтырып, 2 колбаны (100мл.) мақта тығынмен жабу.
4. Кептіргіш шкафта шыны ыдыстарды ыстық бумен стерилизациялауды жүргізу.
5. Пробиркаларды жайғастыру және су құйылған колбаларды, және де колбалардың ет-пептонды агармен кәрзеңкелерге салып, бұлардың барлығын автоклавқа салу.

Бақылау сұрақтары:

1. Стерилизациялаудың қандай түрлері таныс?
2. Стерилизациялаудың қандай тәсілі микробиологиялық тәжірибеге қарайды?
3. Стерилизациялаудың ыдысы ? Стерилизациялауға қалай дайындайды?
4. Қоректік ортаны қалай стерильдеу ыңғайлы?
5. Биологиялық тығынды қалай дайындайды? Биологиялық тығындарға қандай талптар қойылады?

Үй жұмысы:

1. Зертханалық жұмытың есебі.
2. Зертханалық жұмыты қорғау.

№6 Зертханалық жұмыс
Сүттегі микроағзалардың жалпы мөлшерін анықтау

Жұмыстың мақсаты: балғын және пастерленген сүттегі микроағзалардың жалпы мөлшерін анықтау әдістемесімен танысу.

Тапсырмалар:

1. Балғын және пастерленген сүттегі микроағзалардың жалпы мөлшерін анықтау әдістемесімен танысу.
2. Метилен көк және резазуринге редуктазалық сынама жүргізу арқылы сүттің балғындығын анықтау.

Құрал-жабдықтар мен реактивтер:

Сүттің сынамасы (балғын және пастерленген): 9 мл-лік 8 пробирка, әрқайсысында стерильденген су, Петри стерильденген ыдыстары, пробиркілердегі МПА, резазурин ерітіндісі.

Жұмысты орындау әдістемесі

Толыққанды тамақтану өнімдердің қатарынан саналатын сүт микроорганизмдердің өсіп, көбеюіне жақсы қоректік орта болып табылады. Микроорганизмдердің сүтте пайда болу көздеріне: малдың желіні мен тері жабындарын, сауыншының алақанын, ыдыстарды, ауаны және т.б. жатқызуға болады.

Сақтау кезінде микроорганизмдер сүттің қасиетін өзгеріске ұшыратады.

Сүтті зерттеу кезінде микрофлораның сандық құрамына баса назар аудару керек, бұл сүтті зақымдаушылармен күресті дұрыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Санитарлық талаптарды сақтамаған жағдайда сүтте ішек тобындағы бактериялар, майқышқылды, шіріткіштер (аэробты, анаэробты), ашытқылар және зең саңырауқұлақтары пайда болады, олар сүттің және сүт өнімдерінің әртүрлі ақауларын тудырады.

Сүт сынамасын алу

Микробиологиялық талдау үшін стерильді колбаға 50 мл мөлшердегі сүтті алады және 6 ^{0}С-қа дейін салқындатады.

Микроорганизмдердің жалпы мөлшерін анықтау: сумен араластырудың ұсынылатын нормалары:

1. Шикі сүт -1:10000; 1:100000; 1:1000000.
2. Пастерленген сүт -1:10; 1:100; 1:1000; 1:10000.

1:10 араластыруды алу үшін зерттеуге арналған пробирканы және стерильденген суы бар пробирканы сол қолға алып, бас бармақ пен сұқ саусақтың арасына көлбеу ұстап тұрады. Пробирканың мақта тығындарын қыздырғыштың жалынының қасында алып тастайды және бірін сол қолдың орта және аты жоқ саусақтардың арасына орналастырады, ал екіншісін оң

қолдың кіші саусағымен алады, содан кейін екі пробирканың аузын жалынға қыздырады және зерттелетін материалы бар пробиркаға стерильденген пипетканы ендіреді. 1 мл алып, стерильденген суы бар пробиркаға құяды. Ішіндегісін төгіп тастайды және пипетканың шыны қабырғаларында зерттеуге арналған материал қалмайтындай етіп сол пробиркадан бірнеше рет суды пипеткамен сорып алады. Пипетканы алады, пробирканың аузын, тығындардың ішкі ұштарын отқа қыздырады және сонымен пробирканы жауып қояды. Араластыруды ары қарай жалғастыру үшін басқа стерильденген пипетканы алады, араластырылған 1 пробиркадан 1 мл алып оны екінші стерильденген суы бар пробиркаға құяды. 1:100 қатынастағы араластыру алынады. Келесі стерильденген пипеткамен 3 араластыруды алады және т.с.с.

1 мл сәйкес араластыруларды Петри ыдыстарына үлестіріп құяды және үстіне 45 ^{0}С болатын қоректендіргіш ортаны (сусло-агар, МПА) 12-15 мл мөлшерде құяды, барлығын жақсылап араластырады, термостатта екі тәулік бойына 37 ^{0}С-та ұстайды .

Бактериялардың жалпы санын анықтау үшін егу кезінде ыдыстарда 50-ден аз емес және 300-ден көп емес колониялары бар араластыруларды алады.

Әр ыдыстағы өсіп шыққан колониялардың санын қараңғы фонда ыдысты төңкеріп ұлғайтқыш шыныны пайдалана отырып санап шығады. Әрбір санап шыққан колонияны ыдыстардың түбіне сиямен жазып қояды. Колонияларды есептеуде санағыштарды қолданған тиімді. Колониялар саны көп болған жағдайда және олар Петри ыдыстарына біркелкі үлестірілген жағдайда Петри ыдыстарының түбін бірнеше бірдей секторларға бөледі, екі-үш сектордағы колониялардың санын есептеп шығады, колониялардың арифметикалық орташа санын анықтап, барлық ыдыстағы секторлардың жалпы санына көбейтеді.

Осылайша бір ыдыста өскен колониялардың жалпы санын анықтайды. 1 мл немесе 1 г үлгідегі бактериялардың жалпы санын анықтау үшін әр ыдыстарда өсіп шыққан колониялар санын сәйкес араластыруға көбейтеді. Жеке ыдыстарда алынған нәтижелерді қосады, саналған ыдыстардың санына бөледі және арифметикалық ортасын анықтайды, және осыны нақты нәтиже ретінде қабылдайды. Алынған санды дөңгелектейді.

Редуктазаға сынама алу

Сүттің бактериалды тазалығын және балғындығын анықтау үшін бактериялардың редуктазаны бөліп шығару қасиетіне негізделген редуктазаға (метилен көк, резазурин) сынама жасайды. Сүтте микробтар көп болған сайын метилен көкті және резазуринді түссіздендіру тез жүреді. Бояулардың түссіздену жылдамдығына қарай сүтті 4 класқа бөледі.

Кесте 4 Сынаманы редуктазаға анықтау

Көрсеткіш	Класс			
	1	2	3	4
Өзіне келу уақыты	5,5 сағаттан көп	5,5-2 сағат	2 сағат 20 мин	20 минут-тан кем
Сүттің сапасы	Жақсы	Сапасы орташа	Нашар	Өте нашар
1 мл сүттегі микроорганизмдердің саны	500 мыңнан кем	500 мыңнан 4млн-ға дейін.	4млн.-нан 20млн.-ға дейін	20млн.-нан көп

Сынаманы дайындау

Пробиркаға шамамен 20 мл сүт және 1 мл метилен көкті немесе 10 мл сүт және 0,5 мл метилен сүт құяды. Араластырғаннан кейін пробиркаларды 38-40 ^{0}С-қа су моншасына немесе термостатқа қояды. Сүт толығымен түссізденгенше тәжірибені осы температурада ұстап тұрады. Алғашқы 20 минутта үздіксіз бақылап отырады, содан кейін бақылауды 15-30 минут аралығында жүргізіп отырады.

Метилен көк ерітіндісін дайындау

5 мл метилен көктің қаныққан спирттік ерітіндісіне 195 мл дистилденген су қосады. Қоспаны араластырады. Алынған ерітіндіні сақтау мерзімі 7 тәулік. Бұл әдіс нәтижені тез алуда қарапайымдылығынан кең тараған.

Резазурині бар редуктазалық сынама

Стерильденген пробиркіге резазуриннің 1 мл жұмысшы ерітіндісін және 10 мл зерттелетін сүтті алады, тығынмен жауып, жақсылап араластырады. Пробиркілерді температурасы 38 ^{0}С болатын су моншасына салады.

Пробиркілерді су моншасына салу уақытын талдаудың басы деп санайды. Көрсеткішті 20 минуттан кейін және 1 сағаттан кейін пробиркілерді сілкімей және аудармай жазып отырады. Түссізденген сүті бар пробиркіні 20 минуттан кейін су моншасынан алады. Пробиркілерді сілку кезінде пайда болған бояуларды есепке алынбайды, қалған пробиркілерді бірреттен аударады және су моншасында талдаудың соңына дейін қалдырады. Сүттің түсінің түссіздену және өзгеру уақытына байланысты сүтті төрт кластың біріне жатқызады:

Кесте 5 Резазуринді редуктазалық сынама

Класс	Сүттің сапасы	Түстің өзгеру ұзақтығы	Сүттің түсі	1 мл сүттегі бактерияларды ң саны
1	Жақсы	1 сағаттан кейін	Қанық көк	500 мыңнан кем
2	Қанағаттанар лық	1 сағаттан кейін	Сирень немесе көк күлгін түсті	500 мыңнан 4 млн-ға дейін
3	Нашар	1 сағаттан кейін	Қызыл сары немесе ақ	4 млн.-нан 20 млн.-ға дейін
4	Өте нашар	20 минутқа дейін	Ақ	20 млн.-нан көп

Бақылау сұрақтару:

1. Балғын пастерленген сүттегі микроағзалардың жалпы мөлшерін анықтаудың қандай әдістері бар?
2. Сүттің бактериалды тазалығы мен балғындығын қандай сынама жүргізу арқылы анықтайды?
3. Метилен көктің ерітіндісін қалай дайындайды?
4. Резазуринмен редуктазалық сынама жүргізудің ретін айтып беріңіз?

Үйге тапсырма:

1. Зертханалық сабақ бойынша есеп дайындау.
2. Зертханалық сабақты қорғауға дайындалу.

№ 7 Зертханалық жұмыс
Ашытқылардың сапасын микробиологиялық бақылау

Жұмыстың мақсаты: ашытқының сапасын бақылау сұлбасын қарастыру. Боялған препараттарды тікелей микроскоптау әдісімен сұйық және құрғақ ашытқылардың сапасын микробиологиялық бақылаудың әдістемесін құрастыру, органолептикалық көрсеткіштерін, бөгде микрофлораларды және ашытқылардың активтілігін анықтау.

Құрал-жабдықтар мен материалдар:

Алдыңғы сабақтағы себулер, ашытқылар; жабынды шынылар немесе заттық шынылар, 5 мл-ге арналған стерильденген пипеткалар, бояулардың ерітінділері, бактериологиялық ілмектер, микроскоп, тығыз қоректік ортадағы сүтқышқылды бактериялар, диаметрі 15 мм болатын пробиркілер, сүзгі қағазы, воронкалар.

Ашытқының сапасын бақылау

Сұйық ашытқылар. Бақылауды боялған препараттарды тікелей микроскоптау әдісімен жүргізеді, органолептикалық көрсеткіштерін, бөгде микрофлоралар мен олардың активтілігін анықтайды.

Препаратты микроскоптауда көрудің 10 өрісіне дейін қарастырады, бұл кезде сүт қышқылды бактеиялар мен бөгде микрофлоралардың топталуына жол бермеу керек.

Органолептикалық көрсеткіштер (дәмі, иісі, консистенциясы) ашытқының әр түрі үшін өзіне тән болуы керек. Бөгде микрофлораны келесі әдіспен анықтайды.

Ішек таяқшасын 3 мл ашытқыны 20 мл Кесслер ортасына себу арқылы анықтайды.

Споралық бактерияларды майсыздандырылған стерильденген сүтке парафинді қосу арқылы анаэробты жағдай туғыза отырып және парафин қоспастан аэробты жағдайда өсіру арқылы анықтайды. Әрқайсысында 20 мл стерильденген сүті бар екі пробиркіге (біреуі парафинмен, екіншісі парафинсіз) 1 мл-ден ашытқы себеді. Пробиркілерді температурасы 85 ^{0}С болатын су моншасында 10 минут ұстайды. Содан кейін салқындатып, 30 ^{0}С температурада термостатқа қояды.

Егер ашытқыда анаэробты споралық бактериялар кездессе, онда парафинді тығын көтеріледі. Бұндай сүттен алынған препаратты микроскоптаған кезде спорасы бар жуан таяқшаларды көруге болады.

Ашытқылар мен зең саңырауқұлақтарын анықтау үшін ашытқыны Петри ыдысындағы сусло-агардың үстіне себеді.

Пастерленген немесе қайнатылған сүтке 5% ашытқы қосқан кезде ұйю уақыты бойынша ашытқының активтілігін анықтайды. Сүт қышқылды стрептококктармен ашытуда сүттің ұйюы 7 сағаттан аз уақытта жүзеге асуы керек, сүтқышқылды таяқшалармен ұйытуда 6 сағаттан көп емес уақытта жүзеге асырылады.

Құрғақ ашытқылар. Сұйық ашытқылардағы сияқты бөгде микрофлораларды, органолептикалық көрсеткіштері мен активтілігін бақылайды. Құрғақ ашытқының органолептикалық бағалауын екінші егуде жүзеге асырған дұрыс, өйткені бірінші егуде иісі мен дәмі анық байқалмайды.

Пастерленген немесе қайнатылған 200 мл сүтке 0,1 г ашытқы қосқан кезде ұйю уақыты бойынша ашытқының активтілігін анықтайды. Бүрку әдісімен дайындалған құрғақ сүтқышқылды стептококктармен ашытқан кезде сүттің ұйу уақыты 30 ^{0}С температурада 7-8 сағаттан соң жүзеге асырылады. Крахмалмен кептірілген ашытқымен ашыту кезінде сүт 16 сағаттан аз уақытта ұиды. Бүркіп кептірілген сүтқышқылды таяқшалармен ашытқан кезде сүт 40 ^{0}С температурада 8-9 сағаттан соң ұиды, ал крахмалмен кептірген кезде 16 сағаттан аз уақытта ұйыйды.

Бақылау сұрақтары:

1. Ашытқылардың активтілігін анықтау.
2. Құрғақ және сұйық ашытқылардың сапасына бақылау жүргізетін көрсеткіштер.

Үйге тапсырма:

1. Зертханалық жұмыс бойынша есеп дайындау.
2. Зетханалық жұмысты қорғауға дайындалу.

№8 Зертханалық жұмыс
Сүтқышқылды өнімдерді микробиологиялық бақылау

Жұмыстың мақсаты: мезофильді және термофильді бактериялы ашытқылармен дайындалған сүтқышқылды өнімдердің (кефир, қаймақ, ірімшік, ұйыған сүт) сапасын боялған бекітілген препараттарды микроскоптау әдісімен бақылау.

Құрал-жабдықтар мен материалдар:

1. Сүт қышқылды өнімдер (ұйыған сүт, кефир, кефир саңырауқұлақтары);
2. Стерильденген қасықтар, пышақтар, заттық және жабынды шынылар;
3. Диаметрі 15 мм болатын пробиркілер, 5 мл-лік пипетка, бояулардың ерітіндісі;
4. Микроскоп, бактериологиялық ілмектер;
5. Су моншасы, 40%-дық КОН;
6. Тығыз қоректік ортадағы сүтқышқылды бактериялар.

Ұйыған сүт. 15 минут бойына 85-90 ^{0}С-та пастерленген және 30^{0}С-қа дейін салқындатылған сүтке 5% ашытқы қосады. Сүт ферментациясы 6-8 сағаттан соң жүзеге асады; бұдан кейін ұйыған сүтті температурасы 0 ^{0}С-қа жақын болатын камераға жібереді (ақуыздар ісінуі үшін). Дайын ұйыған сүт біркелкі қою және әлсіз қышқылды дәм береді (қышқылдығы 85-110°Т). Бактериологиялық ілмектерді микроскопиялық зерттеу үшін ұйыған сүттен жұғынды алады, кептіреді, бекітеді және метилен көкпен бояйды. Сүтқышқылды стрептококктардың клеткаларын табады.

Қаймақ және ірімшік. Бұл өнімдерді дайындау үшін ұйыған сүтке қолданылатын ашытқыларды пайдаланады. Бірақ қаймақ дайындау үшін Lac. Lactis түрін қолданады, себебі бұл кезде тұтқырлығы жоғары консистенциялы өнім алынады. Дәмі мен иісін жақсарту үшін иісін жақсартатын бактериялар қосады. 1:1 қатынаста мезофильді және термофильді бактериялардан жасалған ашытқыларды қолданған жағдайда ірімшікті дайындаудың технологиялық процесінің ұзақтығы кемиді, өйткені ашу процесі 38-40°С-та жүреді.

Кефир. Кефир дайындау үшін кефир саңырауқұлақтарын пайдаланады (әр түрлі микроорганизмдердің симбиозы). Саңырауқұлақтардың микрофлоралық құрамы әлі анықталмаған. Кефир саңырауқұлақтарының кесілген жерін микроскоптау әдісімен оларда кефир таяқшалары, «строма таяқшалары» кездесетінін анықтаған. Олар қасиеттері жағынан сүтқышқылды Lbm caucasicum таяқшаларына, ашытқылардың бірнеше түріне, сүт қышқылды стрептококктарға және сіркеқышқылды бактерияларға ұқсас келеді. Кептірілген күйде саңырауқұлақтар алтынды-сары дәндерге ұқсайды, өлшемі тарының дәніндей болады. Кефир ашытқыларын дайындау үшін кептірілген саңырауқұлақтарды температурасы 30^{0}С болатын қайнатылған сумен екі рет шаяды және тәулік бойына ұстайды. Олар ісініп,

жұмсарады. Бұдан кейін оларды температурасы 20-25^{0}С болатын қайнатылған сүтке салады және тәулік бойына ұстайды. Бұдан кейін саңырауқұлақтарды температурасы 15-20^{0}С болатын стерильденген сумен жуады, 95^{0}С – та пастерленген сүт құяды (100 г саңырауқұлаққа 2 л) және 20°С температурада ұйығанша ұстайды. Ашытқының иісі жағымды және әлсіз қышқыл дәм беруі керек.

Пастерленген сүтке 3-5% саңырауқұлақ ашытқысын қосады, араластырады және ыдыстарға құяды.

Сапалы кефирдің жағындыларында сүтқышқылды стрептококтар, таяқшалар және ашытқы клеткаларын байқауға болады. Сүт қышқылды стрептококтардың мөлшері 94-99%. Таяқшалар 4-6%, ашытқылар барлық микрофлораның 1%-ын құрайды. Ұсталған кефирде 50-70% стрептококк және 10% ашытқылардың сүтқышқылды таяқшалары анықталады.

Қымыз. Қымыз алу үшін таза дақылдар мен ашытқылар қолданылады. Қымызды биенің сүтінен дайындайды. Lbm bulgaricum сүт қышқылын түзе отырып лактозаны ашытады; ашытқылар спирт түзеді.

Термофильді сүтқышқылды бактериялардың ашытқысында дайындалатын сүтқышқылды өнімдер

Болгарлық ұйыған сүт. Дайындау үшін Str. termophilus және Lbm. bulgaricum қоспаларын пайдаланады. Болгарлық ұйыған сүтті 85-90^{0}С температурада пастерленген сүттен дайындайды, сүтке термофильді стрептококтан және болгар таяқшасынан тұратын 5% ашытқы қосады, 2,5 - 3 сағаттан соң ұиды (40-42^{0}С температурада). Str. thermophilus ашытқысы үшін Lbm. bulgaricum ашытқысына қарағанда 5-10 есе көп алады. Ұйыған сүтте стрептококк мөлшері көп болса дәмі әлсіз қышқылды, ал таяқшалар мөлшері көп болса ұйыған сүттің дәмі қышқылдау болады. Дайын болған ұйыған сүтті салқындатқаннан кейін оның консистенциясы қоюланып, қаймақ тәрізді болады. Дайын өнімнің қышқылдығы 80-90°Т болуы керек. Кәдімгі болгарлық ұйыған сүттің препаратын микроскоптаған кезде Lbm. bulgaricum клеткаларының мөлшері Str. thermophilus клеткаларына қараған екі есе аз болуы керек. Ұйыған сүттен бактериологиялық түйінмен микроскоптау үшін жағынды алады, оны метилен көкпен кептіреді. Жағындыда өзіне тән микрофлора болуы керек.

Ацидофильді ұйыған сүт. Ацидофильді ұйыған сүт болгарлық ұйыған сүт сияқты дайындалады. Ашытқының құрамына Str. thermophilus, Lbm. acidophilum енеді. Қалыпты сүтте ацидофилді таяқша кездеспейді, ол басқа сүтқышқылды микробтармен салыстырғанда шіріген өнімдерінің жоғары концентрациясына және қышқылды ортаға төтеп бере алады, және ішек таяқшалары мен кейбір патогенді микрофлораларға антибиотикалық әсер беретін арнайы заттар түзеді. Бұл заттар термотұрақты, адам организмі үшін қауіпсіз биологиялық антисептиктер болып табылады.

Ацидофильді ұйыған сүтті, ацидофильді сүтті және ацидофилинді микробиологиялық зерттеуді болгарлық ұйыған сүтке жүргізгендей жүргізеді. Ацидофильді сүттің ацидофильді ұйыған сүттен ерекшелігі

мынада: ацидофильді сүттің микрофлорасы тек қана Lac. lactis және кефир ашытқылары қосылған Lbm. acidophilum-нан тұрады.

Сүтқышқылды өнімдер өндірісін микробиологиялық бақылау

Микробиологиялық бақылау микробиологиялық процесстердің дұрыс бағытта жүруін қамтамасыз етеді және өнлірісте барлық санитарлы-гигиеналық талаптардың орындалуына бақылау жасайды. Сүтқышқылды өнімдер өндірісін санитарлық-гигиеналық бақылау технологилық өндірісті бақылауды жүргізуден, цехтың санитарлық-гигиеналық жағдайына – құрал-жабдықтар, ыдыстар, ауасы және т.б., сондай-ақ дайын өнімге бақылау жүргізуден тұрады.

Технологияны бақылаған кезде сүтті пастеризациялаудың тиімділігін 10 күнде кемінде 1 рет жүргізеді. Бұл кезде ІТТБ 10 $см^3$ –та байқалмау керек. Ашытқының сапасына баса назар аударады. Оларды ішек таяқшаларының кездесуіне зерттейді. Бұл кезде ІТТБ 10 $см^3$ –та байқалмау керек.

Ары қарай бақылауды ашытуды жүзеге асырғаннан кейін қоспаны зерттеу арқылы жүргізеді. ІТТБ-ның бар болуына зерттеу жасайды, олар 10 $см^3$ –та байқалмау керек.

Технологиялық процессті бақылау үшін сынаманы алумен қатар цехтың санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылау үшін де сынамалар алынады (құрал-жабдықтарды, ыдыстарды жуудың тиімділігі, ауа, қолдың және жұмысшылардың киімдерінің тазалығы және т.б.).

Дайын өнімді де ішек таяқшаларының тобына жататын бактериялардың кездесуіне бақылау жасайды, сынаманы құю-толтыру автоматынан кейін немесе пакеттен алады.

ІТТБ 0,1 $см^3$ кефирде, ұйыған сүтте, йогуртта, ацидофильді-ашытқылы сүтте, «Южный», «Новинка» сусындарында және т.б. рұқсат етілмейді.

Майлылығы 20%-дық және 25% -дық «Городская» қаймағында (толтыруларсыз) ІТТБ 0,01 $см^3$ –та кездеспеу керек, ал қаймақтың басқа түрлерінде, «Столичной» ацидофилді пастасында және жұмсақ диеталық ірімшіктерде ІТТБ 0,001 $см^3$ –та рұқсат етілмейді.

Патогенді микроағзалардың, соның ішінде сальмонеллалар сүтқышқылды өнімдердің 25г –ында рұқсат етілмейді.

Ацидофильді-ашытқылы сүттен жасалған препараттарда ацидофильді таяқшалар басым болуы керек және бір көру аймағында олар 4-тен 6-ға дейін кездесуі керек.

Сүтқышқылды стрептококтардың бірен сарандарына рұқсат етіледі. Жұмсақ диеталық ірімшікте 0,01г –нда рұқсат етілмейді.

Дайын өнімнің микробиоогиялық көрсеткіштері нашарлаған кезде сол өнімдердің технологиялық процесстеріне дайын өнімнің сапасына әсер ететін себептерді анықтау мақсатында қосымша бақылау жүргізеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Сүт қышқылды өнімдерге микроағзалардың қайдан келіп түсуі мүмкін?
2. Сүтқышқылды өнімдерді оларды өндіру үшін қолданылатын микроағзалардың қолданылуына байланысты қалай классификациялайды?
3. Кефир мен қымызды ашыту үшін қолданылатын ашытқыға енетін микроағзалар?
4. Ірімшікті, қаймақты, ұйыған сүтті ашыту үшін қолданылатын ашытқыға микроағзалардың қандай түрлері қолданылады?
5. Ацидофилинді, ацидофильді-ашытқылы сүтті, ацидофильді пастаны өндірген кезде сүтті қандай ашытқылармен ашытады?
6. Сүтқышқылды өнімдер өндірісіне бақылауды қалай жүргізеді?

Үйге тапсырма:

1. Зертханалық жұмыс бойынша есеп дайындау.
2. Зетханалық жұмысты қорғауға дайындалу.

№ 9 Зертханалық жұмыс
Стафилококктар және маститтік стрептококктар, антибиотиктердің болуына зерттеу жүргізу

Жұмыстың мақсаты: маститті сүтті анықтай білу, антибиотиктерді байқау.

1. Маститпен ауыратын сиырлардың сүттерін зерттеу

Желіннің қабынуын тудыратын қоздырғыштар әртүрлі микроағзалар болуы мүмкін, олардың әрекет ету нәтижелерінде сүттің реакциясы қалыптыдан ауытқиды және сүттің әлсіз қышқылды реакциядан сілтілік реакцияға ауысады. Сүт тұзды - ащы дәмді болады, ол жерде талшықтар немесе созылмалы жіпшелер пайда болады. Кейінірек ірінді сұйықтар бөлінеді, кейде иісі жағымсыз болады. Желіннің қауіпті қабынуын Streptococcus mastitidis, Streptococcus aqalactiae маститті стрептококтар және Staphilococcus aureus стафилококтары тудырады.

Маститті қоздырғыштардың морфологиялық және дақылдық қасиеттері

Жоғарыда көрсетілген стрептококктар өзара бір бірімен ұқсас келеді, кокктардың өлшемі диаметрі бойынша 0,5 - 1 мкм. Олар қозғалмайды, споралар мен капсулалар түзбейді. Пигменттер түзбейді. Агарда майда, әлсіз лайлы колониялар түзеді. Желатинді сұйылтпайды. Ауру сиырлардан алынған сүтті белгілі бір уақыт ұстаған кезде пробирканың түбінде ірің, фибрин және микробты клеткалар тұнады. Маститті сүттің жағындысында Streptococcus mastitidis кездеседі, олар лейкоциттерге тұйықталған қысқа тізбектер түрінде байқалады, Streptococcus aqalactiae – кішкентай шоғырлар түрінде кездеседі; сондай –ақ диплококктарда кездеседі.

2. Сүтті стафилококктардың кездесуіне зерттеу

Маститті сүтті табылған алтын түсті стафилококк (Staphilococcus aureus) – бұл диаметрі 0,8 - 0,9 мкм болатын шар тәрізді кокк. Жеке кокктар, диплококктар, қысқа тізбектер түрінде кездеседі. Споралар мен капсулалар түзбейді, қозғалмайды. Барлық анилинді негізді бояулармен оңай боялады. Грам оң, кәдімгі қоректік ортада бұрыс формалы шоғырланған колониялар түрінде өседі. Өсудің тиімді температурасы 34 - 37^{0}С.

Факультативті анаэроб. МПА-ға штрихтап сепкенде жылтыр бетті сары дақтар түрінде өседі. Картопта өскен кезде сары дақ түзеді. Қанды агарда өскен жағдайда колонияның айналасында гемолиз аймағы анық байқалады. Желатин аз мөлшерде сұйылтады. МПБ-да біркелкі лайлылық байқалады, орта қоңыр-сарғыш түске енеді. Сүтте жақсы өседі, лактозаны ыдыратады және сүттің ұйюын жүзеге асырады. Қышқыл протеазалар кездеседі, олар ұйысқанның пептонизациясын шақырады.

Маститті сүтті анықтау үшін сүтке каталазды, лейкоцитті және бромтимолды сынама жүргізеді, бактериологиялық және бактериоскопиялық зерттеулер жүргізеді.

Каталаздық сынама. Функе каталазына 25^{0}С - тағы 15 мл сүтті құяды және 1 % - дық 5 мл сутек асқын тотығын ендіреді. Араластырады және Функе каталазының ішкі құбырын ондағы сұйық оның нөлдік деңгейінде болатындай етіп қондырады. Каталазды 25^{0}С температураға 2 сағатқа су моншасына қояды, сұйық

деңгейінің биіктігін есептейді, ол бөлінген оттегінің мөлшеріне сәйкес келеді. 2 $см^3$ – тан көп оттегі бөлінген жағдайда сүт маститке күдікті болып саналады.

Лейкоцитті сынама. Градуирленген пробиркілерге әр сынамадан 10 мл сүттен ендіреді және 5 минут бойына 1200 айн/мин айналу жиілігнде центрифугалайды. Пробиркада 0,5 - 1 бөлікке жететін тұнба түзілген жағдайда сүт күдікті болып саналады; 1 - 2 бөлікке жететін тұнба түзілген жағдайда сүт маститті сиырдан алынғандығын білдіреді. Бұндай сүттің тұнбасын микроскоптаған кезде көпядролы лейкоциттер мен стрептококктардың үлкен мөлшері байқалады.

Бромтимолды сынама. Фарфор пластинкасының түбінде 5 тамшы сүтті 1 тамшы 60% - дық спирттегі 0,2% - дық бромтимолды көктің ерітіндісімен араластырады. Сау сиырлардан алынған сүт сары түске боялады (pH 1-6,3-6,5); ал маститті сиырлардан алынған сүт – жасылға (pH 6,5-7,0), кейде көкке (pH = 7,0 - 7,5) боялады. Маститтің ауыр формасында сүттің реакциясы қышқылды болуы мүмкін, ол сары түске боялады.

Тұндыру сынамасы (Мутавин сынамасы). Сынама жүргізу үшін желіннің әр үлесінен (емшегінен) 10-15 мл сүтті пробиркаға құйып алады, және оларды штативте 4-8°С температураға қалдырып қояды. 2-3 сағаттан кейін бақылайды және келесі бақылауды 16-24 сағаттан кейін жүргізеді, сүттің түсін, тұнбаның түзілуін және қоспаларды, қаймағының қалыңдығын және сыртқы түрін бақылайды. Маститті сүт көкшіл, сулы болады. Қаймағының қалыңдығы 0,5 мм-ден аз болса ауру белгісінің бар екендігін білдіреді. Сонымен бірге қаймағының түсі қызғылт сары болсада аурудың бар екендігін білдіреді (эритроциттердің кездесуі). Талшықтар лейкоциттердің мөлшерінің көп екендігін айғақтайды.

Сілтімен сынама. Заттық шыныға 5 тамшы сүт тамызады, 1н екі тамшы NaOH қосады, 20 с бойына араластырады. Егер сүт маститті болмаса, мөлдір қоспа түзіледі, егер маститті болса, талшықтар мен жіпшелер байқалады.

Бақылау сұрақтары:

1. Маститті қандай қоздырғыштар тудырады? Олар сүтте қандай өзгерістерге алып келеді?
2. Маститпен ауыратын сиырлардан алынған сүтке қандай сынамалар жүргізеді?

Үйге тапсырма:

1. Зертханалық жұмыс бойынша есеп дайындау.
2. Зетханалық жұмысты қорғауға дайындалу.

№ 10 Зертханалық жұмыс
Мембраналық сүзгілеу әдісі

Әдістің принципі – талданатын сынаманы саңылауының өлшемі 0,45-0,65 мкм болатын мембрана арқылы өткізу, бұл кезде сүзгінің бетінде сынамадағы микроағзалардың концентрациясы артады. Микроағзалар ұсталған сүзгіні қоректік ортаға орналастырады және сәйкес жағдайларда инкубациялайды.

Мембраналы сүзгілеу әдісінің шүбәсіз артықшылықтары:

1. Микроорганизмдерді сандық анықтау;
2. Нәтиженің дәлдігінің жоғары болуы;
3. Микроағзалар саны аз болған жағдайда талдауды жүргізу мүмкіндігі;
4. Микроағзалардың, бактериостатиктердің өсуінің талдау нәтижесіне әсерінің жоқ болуы;
5. Қоректік ортаның экономдалуы;
6. Жұмыс уақытының экономдалуы;
7. Нәтижелерді құжаттандыру мүмкіндігі.

Микробиологиялық бақылау жүргізу үшін әр түрлі материалдардан дайындалған вакуумды сүзгілеу жүйелері қолданылады. Бірнеше сынаманы көпсекциялы жүйенің нәтижесінде қатар жүргізуге болады.



4-сурет. Вакуумды сүзгілеу қондырғысы

Төменде вакуумды сүзгілеуде қолданылатын сүзгі ұстағыштардың түрлері көрсетілген:

1 2 3 4

5-сурет. Вакуумды сүзгілеуде қолданылатын сүзгі ұстағыштар

1. Стерильді пластикті воронкалар 250 мл
2. Таттанбайтын болаттан жасалған воронка 40, 100, 500 мл

3. Шыны сүзгі ұстағыш 250 мл
4. Поликарбонатты сүзгі ұстағыш 250 мл

Бірреттік пластикті воронкаларды қолданған жағдайда құралдарды алдын ала стерильдеуді қажет етпейді; үлкен көлемді үлгілерді мембраналы сүзгілеуда қолданылады (250мл-ге дейін). Воронкалар стерильденіп шығарылады, конструкия оларды бір реттік фильтрұстағыштарда қолдануға мүмкіндік береді. Воронкалар полипропиленнен жасалған және сүзгіұстағышпен берік байланысқан, 50, 100, 150 және 200 мл деңгейде градуирленген. Ішкі диаметрінің үлкендігі ағынның тез жүруіне ықпал етеді. Формасының конусты болуы сүзгілеп болғаннан кейін шаюды тыңғылықты жүргізуге мүмкіндік береді.

Таттанбайтын болаттан жасалған вакуумды сүзгілеу қондырғылары

Таттанбайтын болаттан жасалған қондырғы бірсекциялы немесе көпсекциялы болуы мүмкін (3-тен 6-ға дейін). Қондырғының стандратты комплекттелуі: таттанбайтын болаттан жасалған сүзгіұстағыш (сүзгінің диаметрі 47 (50) мм, көлемі 500 мл), тығыны бар вакуумды колба, вакуумды шланг, насосты тамшылы ылғалдан сақтайтын гидрофобты сүзгі, вакуумды насос.

Әдістің негізі: Саңылауының өлшемі сәйкес болатын мембраналы сүзгіні сүзгілеуші жүйеге орнатады және сынаманы сүзеді. Бұл кезде сынамадағы микроағзалар мембраналы сүзгінің бетінде қалып қояды. Стерильденген сумен шаю арқылы өсу ингибиторын болдырмауға болады. Бұдан кейін мембраналы сүзгіні бірден қоректік ортаға орналастырады және инкубациялайды. Қоректік заттардың диффузиясы және өнімдердің алмасуы нитроцеллюлозды мембраналы сүзгінің саңылаулы жүйесі арқылы өтеді. Мембраналы сүзгінің бетінде пайда болған колония есептелінеді және оларды жалпы сынаманың көлеміне қайта есептеледі. Селективті анықтау үшін мембраналы сүзгіде талдаудың жоғары сапасын қамтамасыз ететін қоректік орталарды қолдану ұсынылады.

Микробиологиялық талдаулар жүргізуге арналған мембраналы сүзгілер

Сүзгілер стерильденген, жеке қапталған диаметрі 47 немесе 50 мм болатын дискілер болып табылады. Әр сүзгі қолдануға толығымен дайын.

Мембраналық сүзгілердің материалдары – целлюлоза нитраты. Көпжылдық іс тәжірибе көрсеткендей, бұл материал ұсталған микроағзалардың өсуіне тиімді жағдай жасайды, осылайша жалған теріс нәтижелер алуға жол бермейді. Есептеуді оңтайландыру үшін сүзгінің бетіне салынған тор сүзгілеу аймағын өлшемі 3,1х3,1 мм болатын 130 квадратқа бөледі. Содан кейін сүзгі қоректік ортамен бірге инкубацияланады, бұдан кейін жеке колониялар есептелінеді.



6-сурет. Мембраналы сүзгілер

№11 Зертханалық жұмыс
Ауыз су, ауа, қолдың жуылуына және аспаптарға санитариялық-гигиеналық бақылау жүргізу

Құрал-жабдықтар мен материалдар: Пробиркалар ет-пептонды агармен, Петри ыдысы, лупалар 10, термостаттар шамасы 25°С және 37^0С, 43^0С, Ю. А. Кротова приборлары, заттық шыны, бактериологиялық ілмек, Кесслера (Булира) орта, Эндо орта, пробиркалар стерильді сумен немесе физиологиялық ерітінді, пинцет, пробиркалар, пробиркалар өлшемді 10 мл.

1 тапсырма. Ауаның микрофлорасын талдау.

Ауаны микробиологиялық бақылау. Ауа-микроағзалардың дамуына қолайлы орта емес, оларда қоректік орта болмайды, тұрақты оптималь температуралар, күн сәулесі әсер етеді және т.б.

Микроағзалардың ауаға түсуі, негізінен, шаңнан келеді. Ауа ас тағамдарын өндіруде ауа шикізатты залалдауы мүмкін, жартылайфабрикаттардың және дайын өнімдер, және олардың бұзылуына, сақтау мерзімі, сонымен қатар әр түрлі адамдағы ауруларды шақырады. Ауадағы микроағзалардың санын анықтауға әр түрлі әдістер қолданылады.

Салыстырмалы қарапайым, арнайы аппаратура қажет етпейтін – шөктіру тәсілі(седиметациальды)

Есептеуге формула қодануды, микроағзалардың 5 минут уақытында ыдыстың үстінде 100 $см^3$ алаңда сәйкесінше, соншасы 10 л ауада болуы.

Микроағзалардың саны 1 $м^3$ ауада:

$$X= ax100x1000x5/ Sx10xT$$

мұнда: а - колония саны, Петри ыдысындағы (екеуінен орташа);

S - Петри ыдысының алаңы, сараптауға алатын, $см^3$;

100 – ыдыстың алаңын есептеу 100 $см^2$;

Т - уақыт, ыдыстың ашық қалғанындағы қайта есептеу мерзімі, мин;

100 - қайта есептеу 1 $м^3$.

Ыдыста шөгетін ірі бөліктер шаң бөліктері, сондықтан бұл тәсіл ауаның микрофлорасын тура санын зерттеуге жарамайды.

Жұмысты орындау кезегі. Петри ыдысын екеуінің сыртына, қай оқу тобы, тегі және егу күні белгілеп жазу.

Екі пробирка алып еріткен және жеңіл салқын пептон агар, тығындарды алып тастап, пробирканың шетін оттықта ұстап және ыдыстың түбіне (15-20 мл) құю, сәл ғана аша отыра. Жылдам ыдысты жауып, оны оң қолға алып, біртегіс, ыдыс түбіне жайып құю. Ыдысты үстөлге қойып және ортаның тығыздалуына дейін қойады.

Ыдысты кептіруге термостатта 45 ^{0}С қояды. Термостат ішіне ыдысты төңкеріп (агаровая пластинка төмен аударып қою) және термостатта 5-8 минут ұстау. Бөлмеде, ауаның микрофлораларын анықтау, ыдысты бетін 5

минут ашып қою.Сонымен бірге сыртқы атмосфералық ауада микрофлораларын анықтау.

Ыдысты термостатқа бактериальды флорасы дамуы үшін температураның 37 ^{0}С қою. Зең саңыауқұлақтары 24 сағ термостатқа температураның 25 ^{0}С тағы да 24 сағатқа қою. Үлкейтетін шыны арқылы өскін берген колонияларды санап және микроағзалардың санын жұмыс дәптерінде формулаға қойып есептеу жүргізіп, 1 м^3 ауада болатын.

Аспирациялық тәсіл конструкциялар Ю.А. Кротов тесікті аппараттар қолданады. Петри ыдысы қоректік ортамен аппаратта қалдырып, бөлмеге ауыстырады, ауаның микрофлорасы анықталады, 1 -3 мин уақытқа қосады. Аппарат қақпағын ашып, егілген ыдыстарды шығарып, бетін жауып сыртына жазылады: оқу тобы, оқушы тегі, анықталатын орын.

Ыдыстарды термостатқа жылдамдығы мен ауаны 24 сағ 37^{0}С инкубацияға салып, соңынан бөлме температурасында тағы 48 сағ. қою. ауадағы 1 м^3 микроағзалар құрамын,егу жүргізілген жерден, сіңіру ұзақтығына қарай жалпы көлемі есептеледі. Өндіріс бөлмелері таза ауа деп еептеледі, егер онда 500 микроағзалар 1 м^3 орында кездессе.

2 тапсырма. Судың 1 мл көлемінде микроағзалар жалпы санын анализ жүргізу. Судың микробиологиялық көрсеткіштері. Ас суына ішек таяқшасының титрі 300 ден төмен емес, коли-индекс - 3 артық емес, жалпы бактериялар саны 1 мл- 100 көп емес. Патогенді микроағзалар суда болмауы керек емес.

Жұмысты орындау тәртібі. Колбалар 0,25, 0,5 немесе 1л көлемдерін жуу, марля-мақта тығынмен жабу, қағаз қақпақпен орау, байлау және автоклавта стерильдеу 120^{0}С уақыт 30 мин. Үлгіге хлорланған суды ыдысқа құйып стерильдеу алдында 2 мл 1,5%-ного тиосульфат натрийін қосады. Ыдысқа, ыстық бумен стерилденген, үлгіні алмай тұрып тиосульфат натрийін қосады.

Кранды дөңглек мақта жалынымен күйдіріп, қаныққан спиртпен өңдеу. Кранды ашып 10-15 минут суды ағызып, сосын үлгі алу, ыдысты байлауын шешіп, тығынды алу қағаз орауымен, су үлгісін алу, ұқыпты, ыдысты жауып тығындап жалында ұстап және байлап қояды. Су анализдеуге жарамайды егер 2- сағат үлгі алудан кейін уақыт тұрса.

3 тапсырма. Микроағзалардың жалпы санын қолды жуғаннан соң анықтау.

Жұмысты орындау тәртібі. Стерильді суда батырылған, стерильді тампонмен қолдың алақанын, екі қолдың тырнақ астын және саусақ арасын сүрту. Тампонды сол пробиркаға батыру, суда жібітуге қолданған ыдысты, шайқап, 1 мл ерітіндіден стерильді пипеткамен алып және езіп дайындайды (1:10, 1:100). Шайылған 1 мл суда етпептон агарын егу жүргізеді. Ыдыстарды егу күнін белгілеп жазып қойылады. Петри ыдысын сыртына, қай оқу тобы, фамилиясы және егу күні белгілеп жазу.

Ыдыста егілген үлгіні термостатқа t 37^0С 48 сағатқа салады. Шайындының қалғанын тампонмен бірге пробиркаларға егу жүргізіп, 5 мл Кесслер ортасын қосады 24 сағ температурада 43^0С уақытқа салады.

Бұдан кейін өнген колонияларды санап және ішек таяқшасын анықтайды.

Қолдың тазалығын ішек таяқшасы жоқ микроағзалар санымен 1 мл шайындыда болуын есептеледі.

Микроағзалар саны. Тазалығын бағалау 1 мл қолды жуғанда

– 1000 – өте жақсы
– 1000-5000- жақсы
– 5000-10000- қанағаттандырарлық
– 10000 жоғары- жаман

Жұмыс дәптеріне зерттеу нәтижесін жазып және баға береді.

4 тапсырма. Жалпы микробтық санды анықтау.

Жұмысты орындау тәртібі. Орта үлгіні алу үшін трафаретті спиртпен малып, жалында күйдіріп және зерттелетін затқа салады. Шектелген алаңнан тампонмен стерильді сумен жуып, тампонды шайылған сумен пробиркаға салып және термостатқа салады. Егу 1 мл шайындымен етпептон агармен Петри ыдысына салады, t 37 ^{0}С уақытқа 48 сағатқа термостатқа салады, осыдан кейін микроағзалардың жалпы саны анықталады. Шайынды қалдығы тампонмен бірге пробиркаға тығыны бар, 5 мл Кесслера ортаға егу жүргізеді және t 43 ^{0}С 18-24 сағ қояды. Ыдыстың сыртына, қай оқу тобы, тегі және шайындыны егу күні белгілеп жазу.

Жұмыс дәптеріне зерттеу нәтижесін жазып және баға береді.

5 тапсырма. Ішек таяқшасының бар екендігін анықтау.

Жұмысты орындау тәртібі. Егер ортада Кесслерде лайлану емесе газ түзілсе, онда егуді штрихты Эндо ортасында, егуүшін бөлек алынған колониялардан бөлу. Ылыс түбін бірнеше секторларға бөліп, пробиркаларда егу жүргізіп бөлек сектор қояды. Ыдысты термостатқа 24 сағ t 37^0С температураға қою. Егу жасалған Эндо ортаны қарап және өнген колонияларды сипаттап жазады. Ішек таяқшаларының колонияларының болуын немесе болмауы, алтын металл қою қызыл түсті.

Бақылау сұрақтары:

1. Микроағзалардың қандай саны рұқсат етіледі 1 $м^3$ таза ауада?
2. Микроағзалардың санын ауада болуын анықтау әдісі.
3. Судың көлемінде микроағзалар жалпы санына анализ жүргізу және микробиологиялық көрсеткішін анықтау?
4. Негізгі анықтамалар беру коли-титр, коли-индекс. Ас суында олардың көрсеткішін анықтау?
5. Ішек таяқшаларының морфологиялық және физиологиялық көрсеткіші.

6. Қолдың жуу тазалығын және құралдардың тазалығына жуу тіртібі қандай?

Үйге тапсырма:

1. Зертханалық жұмыс бойынша есеп дайындау.
2. Зетханалық жұмысты қорғауға дайындалу.

Қорытынды

Оқу құралында микроағзалардың морфологиясының, жүйелеу мен физиологияның негізгі мәліметтері қаралған. Сүттің бактериальдық залалдану ошағы қарастырылған. Ішетін сүт және сүт қышқылды өнімдер өндірудің микробиологиялық процесстерінің негізгі сұрақтары қаралған. Курстың шектеулігіне байланысты, топырақтағы микроағзалардың дамуы, микроағзалардың дамуына ультрасәуле мен механикалық әсердің әсері, микроағзалардың тұқым қуалаушылығы мен құбылмалылығы құрылымдарына жеткілікті көңіл бөлінбеген. Бірақ, осы қаралған материалдар негізінде бұл бөлімдерді жеке ізденіп меңгеруіне мүмкіндік бар.

Сүт өндірісінің қазіргі таңдағы жағдайы мен даму тенденсиясы микробиологиялық сараптаудың инновациялық тәсілдердін оқып үйренуге мүмкіндік береді. Оқу құралын құрастыруда КМ 05 «Сүт және қышқыл сүт өнімдерінің микробиологиялық зерттеулері» модулі оқыту нәтижелеріне сәйкес құрастырылған:

1. жеке бас гигиенасы мен санитарлық талаптарды сақтау тәртібі;
2. қарапайым микробиологиялық зерттеулерді жүргізу және алынған нәтижелерге баға беру;
3 жабдықтар мен құралдарды санитарлық өңдеу жүргізу;
4. шикізатты қабылдау кезіндегі бақылауды ұйымдастыру және қосымша заттардың, технологиялық процесстердің және дайын өнімдер сапасын бақылау талаптарын орындау;
5. өндірістік ағымдағы ақпараттарды өңдеу, алынған мәліметтерді анализ жасау және оларды өнім сапасын басқаруда қолдану;
6. шикізаттың экологиялық және биологиялық қауіпсіздігінің сақталуына бақылау жүргізу.

Оқу құралы «Сүт өнімдерінің өндірісі» мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған, сондай-ақ осы бағыт бойынша оқытуды жүзеге асыратын мамандарға, инженерлік-педагогикалық қызметкерлерге және сүт және сүт өнімдерінің микробиологиясына қызығушылық танытатын оқырмандардың кең тобына пайдалы болуы мүмкін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Асонов Н.Р. Микробиология: Учебник -4-е изд., перераб. и доп.- М.: Колос, 2007.
2. Емцев В.Т. Микробиология: Учебник для вузов / Емцев В.Т., Мишустин Е.Н. – 5-е изд.; перераб. и доп. - М.Дрофа.2008.
3. Колычев Н.М. Ветеринарная микробиология: Учебник для вузов, - 3-е изд., перераб. и дп. – М.:Колос, 2009; М.: Колос, 2009.
4. Колычев Н.М., Госманов Р.Г., Ветеринарная микробиология и иммунология: учебник для вузов - 3-е издание. – М.: Колос, 2006.
5. Микробиология: Учебник дл вузов / О.Д. Сидоренко, Е.Г. Борисенко, А.А.Ванькова, Л.И. Войнова. – М.: Инфа_М, 2008.
6. Степаненко П.П. Микробиология молока и молочных продуктов: Учебник для вузов. - М., 2009.
7. Беляев, С.А. Микробиология: Учебное пособие / С.А. Беляев. - СПб.: Лань П, 2016. - 496 б.
8. Белясова, Н.А. Микробиология: Учебник / Н.А. Белясова. - Минск: высшая школа, 2012. - 443 б.
9. Белясова, Н.А. Микробиология / Н.А. Белясова. - Минск: высшая школа, 2012. - 442 б.
10. Блинов, Л.Н. Санитарная микробиология: Учебное пособие КПТ / Л.Н. Блинов, М.С. Гутенев, И.Л. Перфилова и др. - СПб.: Лань КПТ, 2016. - 240 б.
11. Ганина В.И. Техническая микробиология продуктов животного происхождения: Учебное пособие / В.И. Ганина, Н.С. Королева, С.А. Фильчакова. - М.: ДеЛи принт, 2008. - 352 б.
12. Госманов Р.Г. Микробиология: Учебное пособие / Р.Г. Госманов, А.К. Галиуллин, А.Х. Волков. - СПб.: Лань, 2011. - 496 б.
13. Госманов Р.Г. Микробиология / Р.Г. Госманов и др. - СПб.: Лань, 2011. - 496 б.
14. Госманов Р.Г. Санитарная микробиология пищевых продуктов: Учебное пособие / Р.Г. Госманов, Н.М. Колычев. - СПб.: Лань, 2015. - 560 б.

НУРЖАНОВА А.А., МАТЫМБАЕВА А.Ж.,
НИЯРОВА К.С.,СЕЛЬТЕЕВА А.Б.

СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІНІҢ МИКРОБИОЛОГИЯСЫ

Басуға 10.12.2018 ж. қол қойылды
Пішімі 60*84 1/8
Цифрлық баспа
Шартты басп.т. 13. Таралымы 32 экз.

«Профи Полиграф» компаниясында басылған